

Жеңіс  
Қашқынов

# ҚОҢЫРАУЛЫ САҒАТ





Жеңіс  
Қашқынов

# ҚОҢЫРАУЛЫ САҒАТ

*Өлеңдер, ертегілер,  
аңыздар, поэмалар*



АЛМАТЫ  
«ЖАЛЫН»  
1989

ББК 83.8  
К 52

К  $\frac{4803250202-177}{408(05)89}$  118-90

© «Жалын» баспасы, 1989



## ЖАС ҰРПАҚҚА ЖЫР ЖАЗҒАН

Жеңіс Қашқынов — әдебиетке алпысыншы жылдары келіп, ширек ғасыр ішінде бірнеше жыр кітаптары, ертегі-аңыздар, поэмалар жазған осы ұрпақтың танымал өкілдерінің бірі. Оның балаларға арналған өлеңдері мазмұнының әр алуандығымен, тартымдылығымен көзге түседі, балалардың ұғым-түсінігіне, қабылдау қабілетіне лайықтап, ақын өлең үлгісінде тапқыр, бейнелі образдарды көбірек қолдануға тырысады. Жеңістің біраз тақпақтарының мектеп оқулықтарына кіріп, өлеңдеріне ән жазылып жүргені де сондықтан болса керек.

Жалпы әдебиетке қойылар талапты, оның ішінде балалар әдебиетінің ерекшеліктерін ескере зерттеп, өзінің ақындық шеберлік жолындағы ізденістерін соған бағыттау — Жеңістің творчестволық беталысындағы ұнамды сипаты. Ол балаларға арналған шығармаларын қызықты, тапқыр сюжетке негіздеп жазуға ұмтылады. Олардың уақиғалары жас ұрпақтың өмір тануына, ой-өрісінің кеңеюіне лайық идеядан туады, шығарма сол идеядан өсіп жетіледі. Ақын бала ісіне, қылығына қызыға, сүйсіне қарайды. Баланы, оның ісі мен қылығын танымаған, оны сүйсініп қызықтамаған адам балалар ақыны бола да алмайды. Мұны ұсынылып отырған кітаптың алғашқы бөліміне кірген көптеген өлеңдерден тану қиын емес.

Жеңіс өлеңдердің, әсіресе, төменгі класс оқушыларына арналған туындылардың ойнақы, тақпақ үлгісінде жазылуына көп мән береді. Сондықтан оңай оқылады, тез жатталады. Көркем әдебиеттің негізгі міндеті уақиғаны баяндауда, әңгімелеуде емес, жанды сурет арқылы шындықты көз алдына елестете, көрсете білуде ғой. Жеңіс өлеңдеріндегі ізденіс те осы тұрғыда өрісін тапқан. Ол белгілі бір құбылыстың, табиғат көрінісінің жанды суретін салады, оны бейнелі көркем тілмен суреттей алады. Мысалы, «Бұлақ» деген өлеңін алыңыз. Онда аязды күндерде де қатпай, ән айтып жатқан бұлақ суреті жап-жақсы жасалған. Бала ұғымын өмірдің бейнелі суреті арқылы кеңейтуге ұмтылыс, ақынның «Сурет», «Жел диірмен», «Күнбағыс» сияқты өлеңдерінде де анық танылады. «Сурет» өлеңінде ақын баланың құбылысты сурет арқылы тануына көмектеседі.

Шудасындай атанның  
Бұлттар көшіп барады.  
Бұрымындай апамның  
Таудан бұлақ ағады.

Аспаннан күн дөңгелек  
Төгер алтын шуақты.  
Құйын қуған ебелек  
Қашқан түлкі сияқты.

Жасыл шалғын,  
Гүл шоғы  
Көздің жауын алады.  
Қою бұлттан бір шоғыр  
Жерге тамшы тамады.

Өмірді осылай танып, оны қағазға түсіруге ұмтылған бала ұғымы да оқырманға жылы әсер қалдырады. Жас сәбидің: «Ал қалайша саламын, сурет етіп желді мен?» — деп отырған қиналысына да нанасыз.

«Кешкі күн» өлеңінде тау басына қонған күнді қызыл допқа ұқсатып, оның әрі қарай домалап кеткенін бала ұғымына лайықтап береді.

Балаларға арналған өлеңдердің үлкендерге де сондай қызықты оқылуы — оның идеялық-көркемдік тұрғысының жоғарылығы мен жалпы оқырман талабына лайықтығының белгісі. Осы тұрғыдан Жеңістің табиғат туралы біраз өлеңдері мейлінше тартымды жазылған. Оларды тартымды етіп тұрған да ақын суреткерлігі. «Дала» деген шағын өлеңнің өзінде-ақ ол арайлап атып келе жатқан дала таңы мен ананың алақанындай сипап өткен самал лебін жылы сезіммен бейнелейді, жыршы құстар даланы шуға толтырып, тау басынан көрінген күн шапағының «Маң даланы мың құлпыртқаны» да сурет боп көрінеді. «Ауылым» өлеңінде ақынның туған жерге деген сағынышты сезімі жақсы бейне табады. Жеңістің идеялық мазмұнға да бай, өлеңдік формасы да жинақы, әдемі өлеңінің бірі — «Ата мен бота». Бұл — болған оқиға ізімен жазылған шығарма. М. Шолоховтың алпыс жылдығында біздің халқымыздың атынан дос жазушыға ақ бота сыйға тартылғаны бар-ды. Жазушы оны алып кетпей, интернатқа тарту етті, оқушы балалардың күтіміне қалдырды. Осы шындықты өлең сюжетіне негіз ете отырып, ақын қазақ халқының ұлы жазушыға

деген достық ықыласын, Шолоховтың оған жылы сезімін әдемі аша білген. Ақ бота — халықтың ақ арманы, жазушыға деген ақ көңілдің, достықтың символы болып елестейді.

Ақ бота бұл — ақ арман  
Ақ кептердей ұшады.  
Сағыныштан жаралған  
Игі ниет нышаны.

Көптен аңсап тапқан бір  
Ажырамас құшағы,  
Ақ бота бұл — ақ көңіл,  
Достықтың да нышаны.

Сұлулық пен тазалық  
Жиналған бір бойына  
Осы үлкен сый, базарлық  
Жазушының тойына.

Өленде жазушының өзіне арналған қазақ халқының сыйын алған кездегі жан толқынысы, қазақтармен достығы туралы әңгімесі әсерлі суреттелген. Германиядан сыйға алған Пониді хайуанаттар паркіне тарту еткенін айта отырып, ол ақ ботаны үйірінен, туған даласынан бөлектеудің қажетсіздігін ұғады. Интернатқа, балаларға сыйлайды.

Дархан көңіл жаз болып,  
Жүзі бал-бұл жаныпты.  
Оқушылар мәз болып,  
Ата сыйын алыпты.

Беріліп бір сезімге,  
Бас шұлғыды мырза жұрт,  
Ал жазушы көзінде  
Тұнып тұрды ырзалық.

Баланың өмір тануы мен ой-өрісінің кеңеюіне Жеңістің ойлы, тапқыр сюжетті жырлары мен ертегі, аңыз тақырыбына жазған өлендері де елеулі көмек болатыны даусыз. «Манғұста жыланға неге өш?» деген ертегіде аштықта «досының» баласын жеп қойған жыланның опасыздығы суреттеледі. Ертегі-өлең жас ұрпақты төзімділікке, достыққа берік болуға үйретеді.

Жеңіс — бірқатар поэмалардың авторы. Олар да тақырыптық жағынан әр алуан. Біраз поэмаларда ақын еліміздің өткен тарихы мен халқымыздың жақсы дәстүрлерін жыр етсе, кейбірін біздің бүгінгі өміріміздің жас ұрпаққа үлгі, өнеге болар сипаттарын суреттеуге арнайды. Ертегі, аңыз сюжетіне жазылған дастандар да баршылық. Осының қай-қайсысы болсын, жас ұрпақты жақсы мінез-құлыққа, адамгершілікке, адамды, еңбекті сүйе тәрбиелеуге қызмет етеді. Ақынның «Қыран тағдыры» поэмасы дала қыранының өр мінез алғырлығын суреттей отырып, күнделікті тұрмыстың ұсақ-түйегіне былғанбайтын қыран мінез ерлікті паш етеді. Қыранның қартайған шағында қайғы арқалап жалғыз қалмай, ешкімге тәуелді болмай, биік құздан құлап өлуінің өзінде ерлік, өрлік жатыр. «Батырдың анасы» атты поэмада совет адамдары бойындағы ерлік, азаматтық, қайсарлық сезімдер жап-жақсы көрініс табады.

«Ашылған сыр», «Қоңырау» поэмалары совет мұғалімінің азаматтық жолын, ерлік мінездерін жырлауға құрылған. «Дельфин» адам мен табиғаттың туыстығын суреттейді.

Жеңіс Қашқыновтың тәуір туындылары әдеби қауымның биік талғамына жауап бере алады. Ақынның балалар мінез-құлқын, психологиясын жақсы білуі, олардың іс-әрекетін жарқын суретке айналдыра алуы, жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды қызмет атқаратын өмір шындығы фактілерін таңдап, іріктей білуі — оның балалар әдебиетінде әлі де жемісті еңбек ете беретініне сендіреді.

СЕРІК ҚИРАБАЕВ,

СССР Педагогика ғылымы академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымының докторы, профессор.

# Бірінші бөлім







## ОТАН

Отан — бұйра көк бөктер,  
Атам қойын беттеткен.  
Отан — ашық кең аспан,  
Қалықтаған көк кептер.

Отан — өзен бұрқанған,  
Отан — жыр, ән шырқалған.  
Отан — жарық алтын күн  
Көтерілер қырқамнан.

Отан — дала көсілген,  
Кінәм болса кешірген.  
Отан — ана әлдилеп,  
Мені мұнсыз өсірген.

## КЕШКІ КҮН

Кешкі күн  
Қонды шың басына.  
Төкті нұр  
Таулардың тасына.

Кешкі күн  
Қызыл доп сияқты.  
Оны кім  
Итеріп құлатты?

Болған соң домалақ,  
Кетті әрі домалап.

## КІР ҚУЫРШАҚ

— Кір басқан қуыршақ,  
Қайтеді жуынсақ?  
Айтқанды тыңдамай  
Отырсың,  
Бұл қалай?  
Әй-әй, әй, кір бала-ай!  
Әй-әй, әй, кір бала-ай!

## ШОЛПЫЛДАТТЫМ БАЛЫҚТАЙ

Шешіне сап жағаға  
Болат, Сағат, Тана да.  
Қойып кетті айдынға,  
Келмеген ғой жай мұнда.

Олар нағыз «шортан» ғой,  
Терең судан қорқам ғой.  
Шомылмасаң күледі,  
Мазақ етіп жүреді.

Деп бұлар көп күлмесін,  
Қулығымды білмесін.  
Ақыры амал таптым мен,  
Саяз жерге жаттым мен.

Шолпылдатып балықтай,  
Жүзе бердім жалықпай.

## ТОРҒАЙ

Ұстап алдым,  
Торға салдым,  
Жараланған торғайды,  
— Жем же,— дедім,  
Су да бердім.  
Шоқып, іше алмайды.

— Мені өзің  
Дос деп сезін,  
Үрпиіп сен тұрмашы.  
Әсем үнің  
Қайда бүгін,  
Досың үшін жырлашы.

## ТАҚПАҚ

Жұрт жүрген баламын мен  
мақтап,  
Тақпақты аламын мен  
жаттап.  
Таңдайым тақылдайды  
Тақ-тақ,  
Әйтпесе айтылмайды  
тақпақ.

## БҰЛАҚ

Бұлақ тыным таппайды,  
Өзінше айтып жатады ән.  
Бетіне мұз қатпайды,  
Аязда да қақаған.

Гүл өседі суымен,  
Дәмі кетпес таңдайдан.  
Көтерілген буымен  
Белгі берер шалғайдан.

## ҚОМАҒАЙ ҚАРҒА

Жалғыз тұрған обадай  
Жан біткенге жоламай,  
Ертеректе болыпты  
Қара қарға қомағай.  
Өлексені, жемтікті  
Бітеу жұтқан ол тіпті,  
Жақындауға өзіне  
Қарға біткен қорқыпты.  
Жемтік тапса тағы да,  
Жолатпаған маңына.  
Басқалары алыстан  
Қарайды екен жалына.  
Бөлісуді білмеген,  
Бас қосуды сүймеген,  
Келген құсты қасына  
Тұмсығымен түйреген.  
Бірде өлердей аш оған  
Табылды жемтік тасадан,  
Алды-артына қарамай,  
Обырлана асаған.  
Екі көзі қанталап,  
Екіленді зэнталақ.  
Байқамады қасына  
Келгендерді анталап.  
Сілекейге шашалды,  
Ашқарағың қақалды.  
Тарылды да тынысы,  
Ажал — қатер тақалды.  
Жоқ қорқу да, тартынбақ,  
Қасына кеп жақындап.  
Қарға біткен қоршап ап,  
Мазақтады қарқылдап.  
Бұған қандай бар амал,  
Иәйткенде бұл жан қалар?



— Қомағайға сол керек! —  
Деп күліпті қарғалар.  
Алар демі таусылып,  
Жерге өзі жаншылып,  
Кіртиіп қос жанары,  
Бара жатыр жан шығып.  
Қызғаншақтық етіпті,  
Қарға өліп кетіпті.  
Қомағайлық шіркіннің  
Түбіне ақыр жетіпті.

## СУРЕТ

Шудасындай атанның  
Бұлттар көшіп барады.  
Бұрымындай апамның  
Таудан бұлақ ағады.

Аспаннан күн дөңгелек,  
Төгер алтын шуақты.  
Құйын қуған ебелек  
Қашқан түлкі сиқты.

Жасыл шалғын,  
Гүл шоғы  
Көздің жауын алады.  
Қою бұлттан бір шоғыр  
Жерге тамшы тамады.

Ән мен күйге бөлеген  
Құстар көлдің айдынын.  
Көрінеді төбеден  
Ойнақ салған тай-құлын.

Мөлдiр судан сiмiре,  
Қойлар iштi ақырын.  
Шопан ата үйiне  
Басын бұрды атынын.

Күнде әуре боламын  
Кескiндеп тау, жердi мен.  
Ал қалайша саламын,  
Сурет етiп желдi мен?

### КӨМЕКТЕСЕМ МАМАМА

Ишiп болып тамақты,  
Кiрiсемiн жұмысқа.  
Жуам кесе, табақты,  
Су құйып ап ыдысқа.

Көмектесем үнемі,  
Мамам ісі сонша көп.  
Ойлап ылғи жүремін,  
«Қолғанаты болсам»,— деп.

### МЕКТЕПКЕ ӨЗІМ БАРАМЫН

Мыж-мыж етiп тастаған,  
Қиiмiмдi өтектеп,  
Әжем бұрын бақшаға  
Апаратын жетектеп.

Еркелiгiм аз ендi,  
Бүгiнде естi баламын.  
Мазаламай әжемдi,  
Мектепке өзiм барамын.

## АСҚАРЖАН ЖАРАДЫ

Асқаржан жарады —  
Кішкене үй қалады.

Қоршады дуалмен,  
Қуандым бұған мен.

Ашты да есігін,  
Кіргізді күшігін.

— Шәуілдеп үр, — деді,  
— Күзетіп жүр! — деді.

## ӨРІК

Өріктің көктемде  
Бұтағы гүл тұнған.  
Күн нұрын төккенде,  
Түрленіп құлпырған.

Ал күзде, балдырған,  
Бау қандай көрікті?  
Көрген жан таңғалған  
Самсаған өрікті.

Өріктер бақтағы  
Піскенде балбырап,  
Тұрады сап-сары  
Моншақтай салбырап.

Бағбандар күн ұзын  
Жалықпай тереді.  
Балалар қызығын  
Сонда бір көреді.

## САНАМАҚ

Бір дегенім — белдік,  
Екі дегенім — ерлік.  
Үш дегенім — үміт,  
Төрт дегенім — түбіт.  
Бес дегенім — балта,  
Алты дегенім — алқа.  
Жеті дегенім — жалбыз,  
Сегіз дегенім — сағыз.  
Тоғыз дегенім — тоқу,  
Он дегенім — оқу.

## ИНЕЛІК

Инелік-ау, инелік,  
Ұшпа қорқып именіп,  
Біз де саған тимелік,  
Кел, ойналық, билелік.

Секілдісің вертолет,  
Бізді бірге ерте кет.  
Ұшқан кезде қанатың,  
Болмасын, тек, талатын.

## БАТЫР АҒА

Өр тұлғалы, келбетті,  
Қошқарбаев Рахымжан.  
Соғыс кезі ерлепті,  
Ел сүйсінген батыр жан.

Арпалысып ел күнде,  
Аңсап талай жыл күткен.  
Жеңіс күні Берлинде  
Рейхстагқа ту тіккен.

## ҚОҢЫРАУЛЫ САҒАТ

Әдет қалып бұрынғы,  
Сапар ерте тұрады.  
Оның осы қылығы  
Бәрімізге ұнады.

Көңілінде көп алаңы,  
Ойлайды ылғи: «Сабақ»,— деп.  
Атап кеттік баланы,  
«Қоңыраулы сағат»,— деп.

## МЕН — ОКТЯБРЯТПЫН

Жақсы оқитын сабағын  
Оқушының бірімін.  
Бүлдіршінге ағамын,  
Пионерге інімін.

Өнегелі, үлгілі,  
Октябрат баламын.  
Пионер боп бір күні,  
Галстук те тағамын.



## ЖЕЛ ДИІРМЕН

Ескекке ұқсас қалағы  
Желмен зырыл қағады.  
Диірмен тасы айналып,  
Еңбек әнін салады.

Жай айналып тұрмайды,  
Ұнтақтайды бидайды.  
Сауылдатып ақ ұнды,  
Наубайшыға сыйлайды.

## ҚҰНБАҒЫС

Құнбағысқа қызығам,  
Ешбір мақтау жетпейді.  
Құн ыстығы шыжыған  
Оған әсер етпейді.

Тал шарбақтан асыла,  
Шолып тұрған маңайды.  
Қалпақ киген басына,  
Елестетер ағайды.

## ТӨРЕБЕК

### I

Бірде өзенге келіп ек,  
Ауламақ болып балықты.  
Өз өнерін Төребек  
Суға түсіп танытты.

Орындалды арманы,  
Жүзді құлаш сермеп көп.  
Айқайға да салғаны,  
«Жақсы ойын ермек»,— деп.

Айтқанға еш көнбеді,  
Тіл алса егер жақсы ғой.  
Өзен бойын өрледі,  
Үркіп балық қашты ғой.

— Ұят-ау, құр оралдық,—  
Деп қайттық біз қысылып.  
Елге күлкі боларлық  
Жайымызды түсініп.

Бірақ біздің Төребек  
Жұртты былай алдапты:  
«Кенет жайын керемет  
Үзіп кетті қармақты».

### II

Ауылымыздың жанында  
Бар еді өзен көкпеңбек.  
Балық аулай баруға  
Құмартушы ек көптен-көп.

Бүгін сәті келді де,  
Шықтық әбден сайланып.  
Балығы көп жерді де  
Тауып алып, жайландық.

Өзінше бір ойы бар,  
Кіп-кішкентай Төребек  
Қолда дәке торы бар,  
Қуып кетті көбелек.

Бір мезетте орманда  
Шыңғырғаны біреудің.  
Тұра ұмтылдық сол маңға  
Бәріміз де үрейлі.

Келсек оқтай атылып,  
Қараңдаршы, мынаған:  
Төребек тұр бақырып,  
Көзін жасқа шылаған.

Асыққан соң күтер ме,  
Шауып жүріп Төребек,  
Ұрынады тікенге  
Ұстаймын деп көбелек.

Шығамын деп жүргенде,  
Үсті-басы жыртылған.  
Асан оны көргенде,  
Құтқаруға ұмтылған.

Көмектесіп досына,  
Босатып ол алыпты.  
Сонда Асанның қасына  
Жылан келіп қалыпты.

Жылағанда бақырып,  
Төребек бос тұрмапты.  
Сұр жыланды басқа ұрып,  
Көз жасы да құрғапты.

Жолдастыққа жарарлық  
Осындай ол бала екен.  
Досын қорғап қаларлық  
Қажыры да бар екен!

## МАНГУСТА ЖЫЛАНҒА НЕГЕ ӨШ?

Ұшып келіп тасына  
Ешбір қыран қонбаған.  
Қатпар таудың басында  
Бұйра бұлттар торлаған.

Гүлдер өсіп, құлпырған,  
Жидек толы етегі.  
Мангуста мен  
Сұр жылан  
Сонда бопты мекені.

Не керекті тауыпты,  
Тату өмір сүріпті,  
Төнген қатер,  
Қауіпті  
Бірге жеңе біліпті.

Мангустаның баласы  
Екі үйге ортақ болыпты.  
Көршілердің арасы  
Шаттыққа ылғи толыпты.

Бірде таңмен арайлы  
Баланы ертіп қасына.  
Төңірекке қарайды,  
Шығып шыңның басына.

Тамашалап тұрады,  
Айналаны бақылап.  
Орман, таулы, жыралы,  
Құлпырыпты атырап.

Ойнатумен баланы  
Біраз мезгіл өтеді.

Бір кезде тау жаңағы  
Өрт-жалын боп кетеді.

Қалай тұрар жан шыдап,  
Орман түгел жанады...  
Үшеуі аш, қалжырап,  
Өзектері талады.

Аштан өлер бар қауіп,  
Жылан жолға шығады.  
Әкеле алмай нәр тауып,  
Досына кеп жылады.

Жәндік,  
Жидек,  
Шөптерді  
Жалын жалмап алыпты.  
Күйдіріпті өрт жерді,  
Күлі ғана қалыпты.

— Кезіп тақыр даланы,  
Талай жерді таптадым.  
Көрсем де  
Сай-саланы,  
Талшық нәр де таппадым.

— Қасында бол  
Баланың,  
Барайын нәр іздеуге.  
Мол жемісі даланың  
Кезікпей ме біздерге,—

Деп Мангуста  
Қайғырып,  
Күрсініп бір алады.  
Қиын болған жайды ұғып,  
Жылан үнсіз қалады.



«Ажал жақын, білемін,  
Тұрмақпын ба құр күтіп,  
Өзім тірі жүремін,  
Қойсам егер қылғытып».

Сұр жыланға  
Осындай  
Жауыздық ой туады.  
Арамдыққа қуана,  
Белін бекем буады.

Мангустаның баласын  
Жұтып қойып сұр жылан  
Көрсетпей із,  
Қарасын,  
Сол маңнан тез құрыған.

Досы салған лаңды  
Ал Мангуста  
Кешпейді.  
Содан бері жыланды  
Дұшпан санап, өш дейді.

## КӨРШІЛЕР

Қоңыр үйрек,  
Ақ тауық  
Көптен көрші болатын.  
Күндіз бірге жем тауып,  
Кешке бөлек қонатын.

Үйі қоңыр үйректің  
Судың арғы беті еді.  
Көк айдында билеп бұл,  
Ары-бері өтеді.

Жерде жүрсе балпаңдап,  
Айдында еркін жүзеді.  
Шөпті жейді  
ал таңдап,  
Көлден шабақ сүзеді.

Жүзуге оны үйретпей,  
Алысқа ұзап бармайды.  
Көк айдында үйректей  
Тауық сүңги алмайды.

Апта салып араға  
Жолығысып тұрады.  
Тауық кез боп жағада,  
Үйрек айтты мынаны:

— Көршімсің ғой,  
Қымбатты,  
Өте жақсы көретін,  
Дәм жасайын бір тәтті,  
Бол ертең сен келетін.

Қалдырма бар баланды,  
Ерте келші оларды.

Айтсын бірге жыр-әнді,  
Қуанышқа үй толады.

Балапандар білісіп,  
Танысын бір-бірімен.  
Тату ойнап,  
Күлісіп,  
Бірге жүрсін күнімен.

Сәнденіп-ақ киінген,  
Шөжесі ерген соңына.  
Шығып тауық үйінен  
Түсті таныс жолына.

Біраз жүріп,  
Ақ тауық  
Көк өзенге кезікті.  
Келген еді шаттанып,  
Ой туды бір сезікті.

Көк өзенге салынған,  
Көпірді ол көрмеді.  
Түсе қалса ағынға,  
Тұңғыықта өлгені.

Ұшқалақтық бола ма,  
Ондай іске бармады.  
Иіріліп жағада,  
Бұлар тұрып қалғаны.

Балапаны қасында,  
Көріп сыйлы қонағын.  
Үйрек жетті асыға,  
Білмей бұлай боларын.

Қос қанат — қос алақан,  
Бір жиып, бір ашады,

Сонда кіші балапан  
Бір тапқырлық жасады.

— Төрелігін беріңіз,  
Бір жайды іштей сезем мен.  
Ақ тауықты өзіміз,  
Өткізейік өзеннен.

— Тез ер жетші,  
Батыл боп,  
Жарайсың сен,  
Қарағым!  
Табылған бұл ақыл! — деп,  
Үйрек айтты. — Жарадың!  
Балапандар  
Шөжемен  
Көрді бірге көп қызық,  
Ақ тауықты өзеннен  
Алды арқалап өткізіп.

## КІРПІ, КӨЖЕК, БӨЛТІРІК

Кірпі, Көжек дос болды,  
Көңілдері қош болды.  
Күндіз бірге ойнады,  
Ойынға еш тоймады.  
Тым ұзаққа бармады,  
Көк майсаға аунады.  
Бірде орманда адасты  
Бір-біріне қарасты.  
Қарны ерте ашқаны,  
Тамақ іздей бастады.  
Бір кез шаршап сүріне,

Келді алма ағаш түбіне.  
Самсап тұрған алманы,  
Бұлар үзе алмады.  
— Ағашты ырғап қағайық,  
Алма жинап алайық,—  
Деп итеріп күштеді,  
Алма үзіліп түспеді.  
Қозғалта алмай ағашты,  
Бір-біріне қарасты.  
Таусылып бар айласы,  
Жерге отырды жайласып.  
Кірпі айтты ақылын:  
— Сен өрмелеп ақырын.  
Шық ағаштың басына,  
Алманың бар қасына.  
Іске кіріс, бөгелме,  
Үзіп таста төменге,  
Бірлеп қағып аламын,  
Бар,— деді,— оған амалым.  
— Жөн,— деп Көжек бұл істі,  
Жұмысына кірісті.  
Асықпады, саспады,  
Жерге бірлеп тастады.  
Серіктікке жарады,  
Кірпі қалай қағады!  
Тікеніне қадалған  
Кірпі алманы жинады.  
Серіктікке жараған  
Сұр көжекке сыйлады.

## ТАПҚЫР ҚОЯН

*(Халық ертегісінің ізімен)*

Ерте, ерте кездерде,  
Аң патшасы арыстан  
Қартайғанын сезгенде,  
Жиып жақын, алыстан.

Былай депті аңдарға:  
— Уа, достарым, сендерді  
Шақырғанға таң қалма?  
Патшаң мұны жөн көрді.

Жасым болса кеп қалды,  
Кешем қанша ғұмырды, —  
Деді де сәл тоқталды,  
Шолып шығып жиынды.

— Сөзге құлақ салыңдар,  
Мен бір сынап, байқайын.  
Саспай тындап алыңдар,  
Ойымды анық айтайын.

Күнің мынау жайнап тұр,  
Әлі жайнай түседі.  
Қазанда су қайнап тұр,  
Соны қай ер ішеді?!

Сол құрметке лайық,  
Сол аң патша болады.  
Осы айтарым, халайық, —  
Деп, маңайын шолады.

Естіп мұны күллі аңдар,  
Бір-біріне қарасты.

Үрей қысып тұрғандар  
Тудырмады таласты.

Аю жайлап ақырын,  
Шықты топтың алдына.  
Суды іше алмай «батырың»  
Кері оралды, барды да.

Бұлғаңдатып құйрығын,  
Түлкі таяп барғаны.  
Іше алмады суды бұл,  
Бағы оның жанбады,

Күзен тыныш тұрмады,  
Ол да алмақ қой мол мұра,  
Бата алмай бұл дағы,  
Қайтып келді орнына.

Ішпеген соң барғандар,  
Үрейленіп, қорқа ма?  
Бұдан кейін аңдардан  
Шықпады ешкім ортаға.

Лапылдайды от болса,  
Қазанда су қайнайды.  
Ішетін аң жоқ болса,  
Ешкім патша болмайды.

Аңдар үнсіз тұрысты,  
Амал-айла таппады.  
Өйткені су тым ыстық,  
Ішуге ешкім батпады.

Топ ішінен бір кезде  
Қоян шықты жай ғана.  
Кейпі оның мүлде өзге,  
Көз тігеді айнала.

Мейлі, айтсын қорқақ деп,  
Қазанға ол таяды.  
Бұзылғаны сол сәтте,  
Үнсіздік бір баяғы.

Әлгі қоян қорықпай,  
Көтерді оттан қазанды.  
Кейпі жеңген алыптай,  
Айдаһардай тажалды.

— Уа, халайық, сөзіме,  
Бір сәт көңіл бөліндер.  
Мына суды кезінде,  
Барлығың да көріндер.—

Деп, қазанды жағалай  
Көрсетті бар аңдарға.  
Қалғаны жоқ қарамай,  
Қастарына барғанда.

Әжуалап күлгенге  
Көңіл бөле қоймапты.  
Жұртты аралап жүргенде,  
«Су суыр» деп ойлапты.

Қоян тапқыр болды анық,  
Суды ішіп тастады.  
Жиналғандар таңғалып,  
Шайқап тұрды бастарын.

Бұйырмаған мол мұра,  
Аңдар аң-таң қарасты.  
Қоян патша болды да,  
Өзгелері тарасты...



## ЕСБОЛАТТЫҢ ДОСЫ

Ерте, ерте, ерте еді,  
Сол заман сыр шертеді.  
Башқұрт халқы айтатын,  
Бар мынандай ертегі:

Есболаттай аңғал бір,  
Бала ертеде болыпты.  
Досы екен аңдардың,  
Оларды әр кез қорыпты.

Бірде ата-анасы  
Қонақ етіп арнайы,  
Жіберіпті баласын:  
— Туыстарға бар-дағы,

Шақыр ата-әжеңді,  
Жеңге, ағаң, жезденді,  
Дабыра қып ал енді  
Ертіп келме өзге елді.

Айтқан осы ақылын  
Ол ұмытып қалыпты.  
Жарты ауылды шақырып,  
Есболат жар салыпты.

Шақырған соң баласы,  
Келді әже, атасы.  
Келді жеңге, ағасы.  
Келді жезде, апасы.

Аман, Нұрлан, Орманбек,  
Қалима да келіпті.  
Қадыр, Айша, Қорғанбек —  
Бәрі үйге еніпті.

Қонақ болып ақыры,  
Жарты ауыл жиналды.  
— Күтіп ек туыс, жақынды,—  
Деп анасы қиналды.

Зорға сыйды бөлмеге,  
Қонақ тіпті көп, тегі.  
Нән табақ ет келгенде,  
Тез таусылып кеткені.

Келді тағам басқа да,  
Оны да жұрт жеп қойды.  
— Болдық-ау, бір масқара,  
Тамақ елге жетпейді,—

Деп, ашулы анасы  
Қысылғаннан терлеп жүр.  
Ал әкесі баласын:  
— Ақымақ! — деп, жерлеп жүр.

Есболаттың өзі де  
Ренішті ісіне.  
Жас оралып көзіне,  
Отыр орман ішінде.

Мұны қоян көрді де,  
Жақын келді қасына.  
Қайғысын ол сезді ме,  
Деді: — «Достым, жасыма».

Өксіп жылай береді,  
Ал Есболат қоймастан.  
— Білем бәрін жөн енді  
Ұйымдасып ойласқан.

Құтқарып ең өзімді,  
Бірде өрттен ап шығып.

Жылама, сүрт көзінді,  
Етем саған жақсылық.

Қайт үйіңе сен енді,—  
Деді қоян досына,  
Ақырында көнеді,  
Есболат та осыған.

Келсе үйіне, адамдар  
Тарамапты әлі де,  
Жейтін тағы тағамдар  
Күтіп отыр бәрі де.

— Енді берер түк те жоқ,—  
Деп анасы қояды.—  
Ал жақсылап күтпесек,  
Өсектейтін болады!

Осы болып тек ойы,  
Сыртқа әйнектен қараса.  
Қатып қалды со бойы,  
Міне, қызық, тамаша.

Үйге қарай шұбырып,  
Көптеген аң келеді,  
Отырған жұрт жиылып,  
Көздерімен көреді.

Бірнеше аю көтеріп,  
Омартаны келеді.  
Қонақтарға жетерлік  
Балды сыйға береді.

Мүйізіне бұғылар  
Іліп алған шелекті.  
Толған онда сүті бар,  
Бұл да тойға керек-ті.

Тиін көмек береді,  
Әкеледі жаңғақты.  
Қойды арқалап келеді,  
Қасқыр-дағы қалмапты.

Түлкілер де сыйламақ,  
Есболатқа қаз-үйрек.  
Тышқандар да бидай ап,  
Келеді қап сүйрелеп.

Бірнеше күн той болды,  
Халық тарап кетпеді.  
Тағамдар да мол болды  
Айтпады ешкім өкпені.

Андар сыйы осылай,  
Елге түгел жетіпті.  
Қоян өстіп досына  
Бір жақсылық етіпті.

## ШҮРЕГЕЙ ҮЙРЕК

Қаз-үйрек топтанып,  
Бөлінбей ұшады.  
Ойнауға оқталып,  
Айдынды құшады.

Топтанып жүзеді,  
Көл бетін өрнектеп,  
Шабакты сүзеді,  
Оларға ермек көп.

Ұшады, қонады,  
Құмға да аунайды.

Тату-ақ болады,  
Шекісіп қалмайды.

Баладай ұрыншақ  
Бір-бірін қақпайды.  
Үлкендер бұйырса-ақ,  
Айдынға қаптайды.

Бала үйрек болды бір,  
Тыңдамас айтқанды.  
Керіліп жүрді құр,  
Бетінен қайтпады.

Тобынан бөлініп,  
Сыланып-сипанып,  
Әдемі көрініп,  
Жасайтын қиқарлық.

Құстар бұл қылығын,  
Ұнатпай жүретін.  
Достары күн ұзын,  
Мазақтап күлетін.

Тұрғандай ол өзі,  
Басқадан жоғары.  
Дейтін: — Құс төресі  
Мендей-ақ болады!

— Сенің бұл тәртібің,  
Күлкі етер достарды,—  
Деп құстар әр күні  
Ойынға қоспады.

Жаман-ау, түбінде,  
Қалғаның қатардан.  
Сол үйрек бүгінде.  
Шүрегей атанған.

## ӘТЕШ ПЕН ТАУЫС

Думан, қызық жан-жағы,  
Жүрген Әтеш жайдары.  
Патша киер басына  
Тәжге ұқсады айдары.

Қанат қағып керілген,  
Кезде әсем көрінген  
Қауырсындар жайылған,  
Жібектей бір төгілген.

Көздің жауын алатын,  
Құстар таңдай қағатын.  
Көрген сайын бас шайқап,  
Күрсініп бір қалатын.

Иілуді білмейтін,  
Секең қағып жүрмейтін.  
Тәкаппарлау.  
Басқаны  
Көзіне де ілмейтін.

Бұл сән кімге табылсын,  
Жалт-жұлт еткен қауырсын.  
Қанаттарын жайғанда,  
Құс төресін танырсың.

Аспандағы арай күн  
Сұлуға оны балайтын.  
Ормандағы құс біткен  
Қызғанышпен қарайтын.

Бар білмеген, білген де,  
Сонау өткен күндерде.  
Әтеш, Тауыс — екеуі,  
Көрші тұрған бір жерде.

Желі оңнан еседі  
Тату тірлік кешеді,  
Жаны сүйіп ұнатқан  
Тек Тауыспен дос еді.

Бұтаққа ұшып қонатын,  
Төңірегін шолатын.  
Ал Тауыстың киімі  
Жұпынылау болатын.

Үсті мамық, расында,  
Қызыл айдар басында,  
Көзге түсе бермейтін  
Ол Әтештің қасында.

Күн көзіне сүйдірген,  
Қауырсындар дүрдиген.  
Жұпыны осы киіммен,  
Өтер ме еді, кім білген?..

Шақырған бір ел бар-ды  
Бірде жолға жиналды.  
Сәл ортайып көңілі,  
Тауыс қатты қиналды.

Бір кемістік сезіле,  
Кейіді іштей өзіне.  
«Бұл түріммен қалайша  
Түсем елдің көзіне?»

Көрінуге ұят-ты,  
Киім сәнсіз сияқты.  
Қауырсындар арбиған,  
Елестетер қияқты.

Болмас көңіл алдаған,  
Жолға несін қамданам.

Одан дағы жат елге  
Дұрыс шығар бармаған.

Қолқа салсам егер де,  
Сөзіме Әтеш сенер ме.  
Қиіп барып келуге,  
Қиімдерін берер ме?»

Осылайша ойлады,  
Ой түбіне бойлады.  
Көршісінің киімі  
Қызықтырып қоймады.

Іштен айтып кесімді,  
Тапты бірден шешімді.  
Тауыс келіп Әтешке,  
Еркін сөйлеп, көсілді.

— Қыл өтпестей татумыз,  
Әрі тамыр, жақынбыз.  
Қабақ шытып көрместен,  
Көрші тұрып жатырмыз.

Сенің дархан жүрегің,  
Сөз жықпайсың, білемін.  
Қиімді бере тұр,  
Осы өтініш, тілегім.

Бүгін жүріп кетемін,  
Таңда оралып жетемін.  
Қиімді қолма-қол,—  
Деді:

— Табыс етемін.

— Болмас, көршім, бермесем,  
Тез қайт, бірақ елге сен.



Не істейін егер де,  
Ертеңгісін келмесең?

— Онда,— дейді Тауыс та,—  
Тағатыңды тауыспа.  
Ертеңгісін ертемен,  
Жолға шығып дауыста.

Маған таныс бұрынғы,  
Жанға жайлы, жұғымды,  
Бірден жетіп келемін,  
Естіп сенің үніңді.

Желмен түсіп жарысқа,  
Үнің кетсін алысқа.  
Өзің мені шақырып,  
Түс кезінде дауыста.

Түсте егер де келмесем,  
Киіміңді бермесем.  
«Оралмайтын шығар»,— деп,  
Еш күдікке сенбе сен.

Желмен түсіп жарысқа,  
Үнің кетсін алысқа.  
Өзің мені шақырып,  
Кешке тағы дауыста.

Сенбей тұрған жоқпысың,  
Байламды сөз деп түсін.  
Әрі кетсем, қайтсем де  
Ораламын кешкісін.

Қарап мұңды көзіне,  
Сенді Тауыс сөзіне.  
Әтеш берген киімдер  
Қона кетті өзіне.

Бұл сыйға ол қайран-ды,  
Жолға Тауыс сайланды.  
Бұрын ешкім көрмеген,  
Сұлу құсқа айналды.

...Арада бір күн өтті,  
Қас қарайып, түн өтті.  
Тауыс жоқ,  
Ал Әтештің  
Бұл жай жанын жүдетті.

Таң атып, күн шығады,  
Үнсіз неғып тұрады.  
Дауыстады, шақырды,  
Таусылды да шыдамы.

Күдік орнап жүзіне,  
Жол қарады сүзіле,  
Өзі тұрсын, Тауыстың  
Көрінбеді ізі де.

Күн биіктеп,  
Түс болды.  
Қойды тамақ ішкенді,  
Дауыстады, шақырды,  
Бойына тың күш келді.

Жауап таппай сұраққа,  
Қарай берді қыратқа,  
Ал көршісі — адал дос,  
Көрінбеді бірақ та.

Үміті еді ақырғы,  
Күн батуға жақын-ды.  
«Ку-ка-ре-ку!» — деп Әтеш,  
Тағы айқайлап шақырды.

Тағы да таң атқаны,  
Өтірік боп айтқаны.  
Тауыс алыс сапардан  
Оралмады, қайтпады.

Өсек сөзге берілмей,  
Жүрген достар бөлінбей,  
Қиіп сәнді киімін,  
Тауыс кетті көрінбей.

Ойламастан обалды  
Тауыс мүлде жоғалды.  
Қиімінен осылай  
Әтеш жұрдай тоналды.

Ұнамайтын, келіссіз,  
Жұпынылау, көріксіз.  
Киді Тауыс киімін  
Үстіне Әтеш еріксіз.

Таппай ешбір амалды,  
Қиіміне алаң-ды.  
Ал денесін жабуға  
Болды бұл да жарамды.

Оралар деп түбінде,  
Сенімменен бүгін де,  
Әтеш болса үш рет,  
Айғайлайды күніне.

Шарласын деп алысты,  
Бәсеңдетпей дауысты,  
Таңда, түсте, кешкісін  
Шақырады Тауысты...

## АЙЛАКЕР БАҚАЛАР

Жаннат жердің бетінде  
Өңкей бақа ерікті.  
Айна көлдің шетінде  
Өмір сүре беріпті.

Суы таза мөп-мөлдір,  
Қалың қоға, құрағы,  
Жайлы қоныс көптен бұл  
Бақаларға ұнады.

Арасында қалың бақ,  
Қыздырынып алатын,  
Жағажайда дамылдап,  
Суда сайран салатын.

Құлақ түріп тыңдайтын,  
Келген адам жақындап  
Өздерінше жырлайтын,  
Тыным алмай бақылдап.

Осы жайсаң өңірді,  
Әнге бөлеп жататын.  
Салтанатты, көңілді,  
Күн батып, таң ататын.

Бірде думан басылып,  
Жым-жырт болып қалыпты.  
Бір балақай басынып,  
Сұмдық лаң салыпты.

Әкелді екен айдап кім,  
Бала пері секілді.  
Думандатқан аймақтың  
Берекетін кетірді.

Ойпырым-ай, бұл бұзықты,  
Қандай түлен түртіпті?!..  
Тапқандай-ақ қызықты,  
Бақаларды үркітті.

Жау қуғандай «уралап»,  
Онымен де қоймады.  
Бақаларды қуалап,  
Шаршағанша ойнады.

Ал бұзықтың есіне,  
Сол сәт бір жай түскені.  
Тұрмақ енді несіне,  
Ойдағысын істеді.

«Керіп қойса бақаны,  
Күн жауады шелектеп,—  
Бақаларға тақады,—  
«Солай жасау керек!» — деп.

Аяғынан кергені,  
Ұстап алып Бақаны.  
Қорлық болды көргені,  
Өлуге ол тақалды.

Азапты кім көтермек,  
Жанға жайсыз біледі.  
«Жаңбыр жауса екен»,— деп,  
Іштей өзі тіледі.

Көкті сұр бұлт торыған,  
Жаңбыр жауды көрмеген.  
Ал Бақаны соңынан,  
Алды бала кермеден.

Азап шегіп жылаған,  
Қалай тыныш жата алар.

Ойлап тапты бір амал,  
Бұдан кейін Бақалар.

«Қой!» дер жан жоқ балаға,  
Алшаң басып бұл жүрді.  
Шешінді де жағаға,  
Көлге бірден сүңгіді.

Шықты-дағы жағаға,  
Жатып құмға жылынды.  
Көрінбестен балаға,  
Ал бақалар тығылды.

Қолайлы сәт кез келді,  
Тындыратын бір істі,  
Бақалардың өздері  
Бір қулыққа кірісті.

Екі бақа басына  
Шұлық киіп көріпті.  
Билеп киім қасында,  
Олай-былай жүріпті.

Күнге қызып денесі,  
Қайта жүзіп өткелі,  
Жаға жаққа келесі  
Бала енді беттеді.

Шыға бере айдыннан  
Өз көзіне сенбеді.  
Жаға жақтан алдынан  
Мына сурет көргені.

Жұдырықтай басы бар,  
Сұр жыланға ұқсайды.  
Көкке қарай атылар,  
Бірақ құсша ұшпайды.

Ирең-ирең етеді,  
Секіреді тағы да.  
Бала қорқып кетеді,  
Алақтап жан-жағына.

Өзін «батыр» санайтын,  
Тұра қашты бұл бұзық.  
Артқа жай жоқ қарайтын,  
Көз алдында құбыжық.

«Алды ғой,— деп,— зәремді»,  
Бала қатты қорықты.  
...Бақаларға ол енді  
Тиіспейтін болыпты.

## ҚОС КЕПТЕР

Қабат-қабат үйі бар  
Ертеде бір қалада.  
Кептерлер кеп жиылар  
Жасыл, гүлді алаңға.

Етпеді әсер оларға  
Қаланың көк түтіні.  
Алаңға еркін қонар да,  
Болды жақсы күтімі.

Биік бір үй шатыры,  
Тұрақты жай мекені.  
Кептерлердің ақырын  
Сонда өмірі өтеді.

Шатырға кеп күніне,  
Бала берер тамақты,

Жек көрместен бірін де,  
Сипар құсын қанатты.

Содан кейін бұларды  
Шығарады далаға,  
Құс достары ұнады  
Мейірімді балаға.

Ойын ойнап жарасты,  
Бала қарап тұрмайды.  
Мата байлап ағашты,  
Олай-бұлай бұлғайды.

Кептерлер де жасқанбай,  
Әдетке бұл үйренді.  
Самғап ұшып аспанда,  
Қанат қағып билейді.

Күн көзіне шағылар,  
Бауырлары жалтылдап.  
Қанаттары қағылар,  
Алақанша сартылдап.

Ақ қанатты кептерлер  
Жұртқа ұнаған өнермен.  
Қастарынан өткендер  
Тамашаға кенелген.

Бірге әр күнді өткерді,  
Гүлдейді қосыла.  
Сүйкімді қос кептерді,  
Сыйлады бір досына.

Салды екеуін тор алып,  
Қыса ұстап бауырға.  
Келді құсын ол алып  
Жері шалғай ауылға.



Үйшік жасап бергені,  
Бала өріп шіліктен.  
Күтіп тыным көрмеді,  
«Үйренер»,— деп үмітпен.

Сыймай жүрді баланың  
Бұл шаттығы қойнына.  
Күлімдейді жанары  
Ештеңе жоқ ойында.

«Мүмкін, бұлар өледі,  
Жесе дәннің қаттысын»,—  
Деп әкеліп төгеді,  
Жұмсағы мен тәттісін.

Жаңа мекен жат бірақ,  
Көңілсіз жай басталды.  
Қанаттарын қаққылап,  
Ұшуға да жасқанды.

Көздері де кіртііп,  
Бұзылды өң, түстері.  
Дән де жемей бір түйір,  
Су берсе де ішпеді.

Бауыр басқан мекені,  
Естерінен кетпеді.  
Қалай онда жетеді,  
Көз жастарын төккені.

Қанат қағып сілкініп,  
Көздің жасын құрғатты.  
Ата кептер бір күні  
Серігіне тіл қатты.

— Өліп біздер кетерміз,  
Сағыныштан сарғайып.  
Қиын жолдан өтерміз,  
Мұнда бірақ қалмайық.

Қурап, солып жатар ма,  
Арман — гүлі көктеді.  
Шықты алыс сапарға,  
Туған жерге жеткелі.

Бойы толған қуаныш,  
Қанат қалай талады?  
Барар жері тым алыс  
Болса да іздеп табады.

Жолда аздап тыныстап,  
Сапарды әрі жалғайды.  
Артта қалып пүліш-бақ,  
Көк төсінде самғайды.

Ұшты қанша шақырым,  
Тіліп өтіп тұманды.  
Сенімдері ақыры  
Шаршатпады бұларды.

Діңкелеп кей жерлерде,  
Құлауға да шақ қалды.  
Туған жерін көргенде,  
Екеуі де шаттанды.

Еңселерін көтерген,  
Келген кезде алыстан.  
Үйреншікті мекенмен  
Сағынышпен табысқан.



## Екінші бөлім





## МАТРОСОВ — ҚЫРАН ҰЛАН

Матросов — қыран ұлан,  
Ыза-кегі қайнап жауға,  
Қылыштайын қынабынан  
Суырылды қан майданда.

Жапты барып денесімен  
Жау дзотын қасарысқан.  
Өшпес мәңгі ел есінен  
Александр — жас арыстан.

Александр Матросов  
Халқымыздың жүрегінде,  
Жас қырандар жатыр өсіп,  
Бүгін бейбіт ұлы елімде.

## АУЫЛЫМ

Ойхой, ауыл, ер жеткізіп, өсірген,  
Дархандығың кетпес мәңгі есімнен.  
Балаң жайлы жақсы сөзге қуанып,  
Қателігім болса, өзіңсің кешірген.

Тау-тасыңнан,  
Орманыңнан ән ұшқан,  
Мен де сені аңсап келдім алыстан.  
Аунадым көк шалғыныңда мәз болып,  
Жас құлындай енесімен табысқан.

## ІНІМНІҢ ТАЛАБЫ

— Луноход бұл, —  
Дейді інім, — қайда жүр?  
Мен айтамын:  
— Ол көктегі айда жүр.

— Сонда өзі  
Жерге қашан қайтады? —  
Деген інім,  
Маған бір сыр айтады:

— Отырар ем Луноходқа қорықпай,  
Тексерер ем айдың бетін жалықпай...  
Көрдiңдер ме талап қандай інімде —  
Ынтығады айдың сырын білуге.

## ДАЛА

Еріксіз елді өзіне қаратады,  
Арайлап келе жатқан дала таңы.  
Бетіңнен самал сүйіп өткен кезде,  
Сипаған сияқты ана алақаны.

Жаршы құс, дауысына ерік беріп,  
Жіберер тәтті әуенін төгіп, төгіп.  
Көрінді тау басынан жолаушы күн,  
Маң дала мың құлпырды көріктеніп.

## ПАЛУАН

Білегінде бұлтындап  
Бұлшық еті ойнайды.  
Белдескенде қутындап,  
Жеңіп шықпай қоймайды.

Кіріп кетіп ішіңе,  
Аяқтан да шалады.  
Сенгеннен соң күшіңе,  
Тік көтеріп алады.

Келіп қалса ыңғайға  
Жамбасқа алып ұрады.  
Не мықтылар мұндайға,  
Шыдай алмай құлады.

Жарыстарда жүлде алған,  
Оған кім бар таласар?  
Елдің атын шығарған  
Ер десең де жарасар.

## АТА МЕН БОТА

Халық сүйіп құмартқан,  
Шығармасын көп оқып.  
Дүйім жұртты қуантқан,  
Алпыс жаста Шолохов.

«Құрмет тұтқан адамға,  
Қандай сыйлық лайық?  
Ақылдасқан жаман ба?  
Кеңесіп бір алайық»... —

Дегенде, жұрт ойланып,  
Ғабен ақыл беріпті:  
— Жазушыға сыйлайық  
Бір ақ бота көрікті.

Үзілмейтін арасы  
Салт бар қалған атадан.  
Қыз туса егер анасы,  
Ботакөз деп атаған.

Бота аңсаса анасын,  
Нәзік үнмен боздайды.  
Елтіп бір сәт қаласың,  
Небір ойды қозғайды.

Ақ бота — бұл ақ арман,  
Ақ кептердей ұшады.  
Сағыныштан жаралған  
Игі тілек нышаны.

Көптен аңсап тапқан бір,  
Ажырамас құшағы.  
Ақ бота — бұл ақ көңіл,  
Достықтың да нышаны.

Сұлулық пен тазалық,  
Жиналған бір бойына

Осы үлкен сый, базарлық  
Жазушының тойына.

Ақ бота іздеп табындар,  
Ақ болсын ай нұрындай.  
Жүрегімен қабылдар,  
Халықтың сый, жырындай!

Халық сыйы арналған,  
Жазушыға дарынды.  
Көрген адам таң қалған  
Ақ бота да табылды.

— Толқып тұрмын бір жағы,  
Үлкен құрмет бұл маған.  
Дархан көңіл, нұр жаны,  
Қазақ халқы сыйлаған.

Арнайы мен  
Көп келдім,  
Қазақ елі — бауырым.  
Шуағында көктемнің,  
Араладым ауылын.

Шалқар көлдің бойында  
Серуендедім жазда мен.  
Жүрген жайды ойымда  
Кітап етіп жазған ем.

Араладым кезінде  
Әлемнің төрт бұрышын.  
Қазақ халқы менің де  
Ағайыным, туысым.

Сыймен көңіл өседі,  
Досың артық жақыннан.  
ГДР-да бір дос еді,  
Мені арнайы шақырған.



Елге қайтар кезімде  
Досым мені қинады.  
Жылы жүзбен өзіме,  
Бір тұлпарды сыйлады.

«Москвада бергенмін  
Зоопаркке сыйын бұл»,  
Орындалып дегенім,  
Тапты тұлпар үйірін.

Ал Ақ бота ондайды,  
Қалай қоймас тегінде.  
Туған жері қолайлы,  
Болсын бота елінде.

Үлкен құрмет маған бұл,—  
Деді толқып қаламгер.  
Қызықпасын саған кім,  
Ақ ботақан, аман бол.

Бауыр басқан далада,  
Жүре берсін ойнақтап.  
Ұқсап ерке балаға,  
Тайраңдасын тайлақ боп...

Қарсы ап ерте таң нұрын,  
Жайылуға шықсын деп.  
Интернатқа қалдырдым,  
Оқушылар күтсін деп.

Дарқан көңіл жаз болып,  
Жүзі бал-бұл жаныпты.  
Оқушылар мәз болып,  
Ата сыйын алыпты.

Беріліп бір сезімге  
Бас шұлғыды мырза жұрт,  
Ал жазушы көзінде  
Тұнып тұрды ырзалық.

## ДЕЛЬФИН

### I

Шалқар теңіз жағасында  
Қарт балықшы тұрыпты.  
Бірде іңір арасында  
Ұлын ертіп шығыпты.

Көк теңіздің айдынында,  
Байқау үшін шамасын.  
Отырғызып қайығына  
Жіберерде баласын:

— Мұрагерім енді менің,  
Өзіңсің ғой, шырағым.  
Жасым болса келді менің,  
Енді қанша тұрамын.

Көзімнің бұл тірісінде,—  
Депті,— сынап көрейін.  
Қуә болып бір ісіңе,  
Мен батамды берейін.

Бүгін жалғыз жіберемін,  
Құрған ауды тартуға.  
Мен тәңірден тілер едім:  
«Жазсын аман қайтуға».

Жолың болсын, бөгелме енді,  
«Жалғызбын»,— деп жасыма.  
Өзің қайтып келер кезді,  
Мен күтемін асыға.

Көк теңізде тербетілген  
Қайық есіп келеді.  
Таңғы майда жел бетінен  
Аймалайды, өбеді.

Келеді ол үмітпенен  
Ауды тартып қайтам деп.  
«Міне, азамат жігіт!» — деген  
Ата сөзін айтар деп.

Осылайша ол қиялдаса,  
Тасқындайды жігері.  
Ал қайығы алға жылжып,  
Толқынды қақ тіледі.

Тербетілген жаңа ғана,  
Теңіз кенет толқыды.  
Көбік шашып баяу ғана,  
Дөңбекшиді толқыны.

Қас қағымда алай-түлей,  
Болып кетті төңірек.  
Ал толқындар жөңкіледі  
Сиырлардай мөңіреп.

Кейде иттердей абалаған,  
Қайықты кеп қабады.  
Күресуге жарамаған  
Су түбінде қалады.

Мұны жақсы түсінеді  
Балықшының баласы.  
Жұмсап көрмек күшін енді  
Жеткенінше шамасы.

Болса да бір қорқынышты  
Теңіз үсті үрейлі.  
Көз ашқаннан толқын құшты,  
Көрді талай дүлейді.

Сондықтан да бәрі мұның,  
Өткінші бір сияқты.  
«Керегі не жабығудың», —  
Деп өзін ол жұбатты.

Сұрапыл да басылмады,  
Үсті-үстіне үдейді.  
Күн көзі де ашылмады,  
Қап-қара боп түнерді.

Бала бәрін елемеді,  
Алған беттен қайтпады.  
Тек есіне келе берді,  
Атасының айтқаны.

Үйдей толқын көтеріліп,  
Қайығын кеп ұрғаны.  
Аш қасқырдан бетер ұлып,  
Дүлей үдеп тынбады.

Балықшыны құшып алды,  
Құшағына сұрапыл,  
Ал қайығын ұшырды әрі,  
Шама қайда қуатын?

Қалай шыдап тұрады көп,  
Бала суға тұншықты,  
Аузын теңіз буады кеп,  
«Өлдім» деген үн шықты.

### III

Қария отыр жағалауда,  
Екі көзі төрт болып,  
Қайық қайда,  
Бала қайда?  
Іші жанған өрт болып.

Бір кез дауыл басылды да,  
Қалың тұман тарады.  
Күннің көзі ашылды да,  
Шал алысқа қарады.

Толқын айдап жағалауға,  
Алып келді қайықты.  
Мына жайды бағалауға,  
Шамасы жоқ байыпты.

Қайықты кеп бас салғаны,  
Қарт балықшы шыдамай,  
Екі көзден жас парлады,  
Қалай тұрмақ жыламай.

Кемсеңдеді, егіледі,  
Аймалайды қайықты.  
Жас толассыз төгіледі,  
Бәріне өзі айыпты.

— Жібердім бұл көк теңізге,  
Неге ауды тартуға?  
Хабарсыз ол кеткені ме,  
Мені тастап артына.

Қалдырғанша тірі мені,  
Неге алмадың, жаратқан!  
Бүйткен құрсын күні, тегі,  
Айрылдым ба қарақтан?!

Қайтар менің құлынымды,  
О, тәңірім, тілерім,  
Тірі болып бұ ғұмырды,  
Қалай кешіп жүремін?

Осыны айтып жалбарынып,  
Шал теңізге қарады.  
Қалды бір сәт аңтарылып,  
Ой ғайып боп жаңағы.

Көзіне шал сенерін де,  
Сенбесін де білмеді.  
Отыр теңіз кемерінде,  
Тынбай елес дүрмегі.

Ал тәңірім қолдасын да,  
Тілегімді жаңағы.  
Құдай менің көз жасыма,  
Қайтарды ма баламды?»

Осыны ойлап сүрткіледі,  
Орамалмен көздерін.  
Жел кеудесін түрткіледі:  
«Балаң емей өзге кім».

Жанарымен қайта ашылған,  
Бақса теңіз жағасын.  
Дәу балықтың арқасынан  
Түсіп жатыр баласы.

«Құлынымдап» ұмтылды кеп,  
Тұрар қалай жан шыдап.  
Жүрек тулап, бұлқынды кеп,  
Қуаныш жас тамшылап.

«Айналайын, тірімісің,  
Көз жасыма келдің бе?

Мен қайғысыз жүру үшін,  
Тәңірім қайтып берді ме?»

Деп көңілі босап тағы,  
Сүйіп жатыр баланы.  
Бауырынан босатпайды,  
Көзінен жас ағады.

Қайғы бұлты алыс қалды,  
Көңілі енді жай табар.  
Шал осылай табысқан-ды,  
Баласымен қайтадан.

#### IV

Болғаннан соң мауқын басып,  
Бала асып-саспады.  
Атасына бар сырды ашып,  
Әңгімесін бастады.

— Құрған ауға жеткен кезде,  
Күн бұзылды кенеттен.  
Түк көрінбей кетті көзге,  
Қайтпақ болдым мен еппен.

Қара дауыл үдей соқты,  
Қайықты су басты да,  
Мұндай қорқып көргем жоқ-ты,  
Кетем бе су астына?!

Тау толқындар көміп кетті,  
Қайығымнан айырды.  
Сол кез менен ерік кетті,  
Қанатымды қайырды.

Жаға жаққа ауады аңсар,  
Дүлейменен алыстым.

«Өлдім-ау!» — деп шала-жансар,  
Бір томарға жабыстым.

Есім жисам бір уақыт,  
Жүзіп келем айдында.  
Тірі екенмін, міне, бақыт,  
Жойылғандай қайғым да.

Байқасам мен астымдағы  
Томар емес, дәу балық,  
Әуелгіде састым-дағы,  
Кейін міндім жайланып,

Бір сыр бар-ау, сірә, мұнда,  
Өзім бірден ұқпаған.  
Сол дәу балық сұрапылда,  
Мені ажалдан құтқарған.

— Иә, балам, расында,  
Жолың сенің болыпты.  
Дүлей тұрған сұрапылда,  
Дельфин саған жолықты.

Бұрыннан мен білетінмін,  
Аңыз барын ол жайлы,  
Бірақ сенбей жүретінмін,  
Көз көрмесе болмайды.

Апат болса, балықшылар,  
Дүлейден жол таба ма?  
Ал дельфиндер алып шығар,  
Аман-есен жағаға.

«Дельфин досы адамдардың», —  
Дейтін ерте кезде де,  
Соның сырын жаңа аңғардым,  
Сенбеуші едім өзгеге.



Ол ақылды, мейірімді,  
Судағы көп балықтан.  
Таңғалдырып күллі елді,  
Мұны ісімен танытқан.

Жағалауға баланы іздеп,  
Дельфин келе беретін.  
«Соны көріп қаламыз», — деп,  
Жұрт қызығып келетін.

Әрең шыдап тұра алатын,  
Көргенде оны бала да.  
Санын соғып қуанатын,  
Отыра алмай жағада.

Сағынышпен табысатын,  
Дельфинменен екеуі,  
Мауқын басып қалысатын,  
Достыққа не жетеді!

Күн ұзаққа жалықпастан,  
Теңізде асыр салатын.  
Толқында ойнап көбік шашқан,  
Мауқын басып қалатын.

Достық ниет ойындарын  
Қарт балықшы құптады,  
Аңыз дельфин жайындағы  
Шындық болып шыққаны.

## МҰРАҒЕР

### I

Жығылып жаннан көрмеген  
Шал жатыр пештің түбінде.  
Ауруы әбден меңдеген,  
Құр сүлде қалған бүгінде.

Жадырай қалса көңілі,  
Сергіп бір бойы кетеді.  
Ұзақ жыл сүрген өмірі  
Елестеп алдан өтеді.

Өзінің игі ісімен  
Кісі еді жұртқа ұнаған.  
Ақылымен де, күшімен  
Талапты жасты сынаған.

Көмегі керек болғанда,  
Беретін елге қол ұшын.  
Мұқтаждық жоқ-ты ол барда,  
Сыйлайтын қауым сол үшін.

### II

Сонау жыл болып қыс қатты,  
Қырылды елдің малдары.  
Көрсетіп ауыр қыспақты,  
Шеңгелін аштық салғаны.

Күйзелген халық көктемде,  
Аштықтан арып, тозады.  
Өкінбес еді өткенге,  
Келер күн алды мазаны.

Таба алмай жолды шығатын  
Тұйыққа халық қамалды.  
Ел жайын жақсы ұғатын,  
Шойын қарт тапты амалды.

Әр үйдің қағып қапшығын,  
Уыстап бидай жинады.  
«Туар ма екен жақсы күн»  
Деген ой жұртты қинады.

Шыққанда елді аралап,  
Жиналды астық бір пұттай.  
Айтпады ойын саралап,  
Ал қауым жүрді сырды ұқпай.

Біреуден бір ат тауып ап,  
Соқаға жегіп жер жыртты.  
Жалғызға бұл іс ауыр-ақ,  
Көрсетті қартың ерлікті.

Ерінбей жүріп күн ұзақ,  
Сепкен дән өсіп қылтиды.  
Күтпеді халық тым ұзақ,  
Жаз жетіп, егін құлпырды.

Күз жетіп, егін жиылып,  
Астыққа халық кенелді.  
Асықтай жұртты үйіріп,  
Көрсетті қартым өнерді.

Ерінбей, төккен терімен,  
Аштықтан жұртты сақтады.  
Алғыс та алды елінен,  
«Тапқыр қарт» деп те мақтады.

Еңбегі үшін бар қауым,  
Құрметпен әр кез сыйлайтын.  
Баласы жалғыз Балтағұл  
Тағдыры соның қинайтын.

Салынып саяқ жүріске,  
Жалғызы өсіп келеді.  
Үйретпей ұлын бір іске,  
Өнерлі қалай өледі.

### III

Ағарып тағы таң атты,  
Төсектен әке тұрмады.  
Әніне бөлеп алапты,  
Өмірді құстар жырлады.

Сергітер жанын сірескен,  
Тәтті әуен әсер етпеді.  
Тым ерке шолжаң ұл өскен,  
Ойынан осы кетпеді.

Қосылған балғын жасында,  
Ұзақ түн кірпік ілместен,  
Кемпірі отыр қасында,  
Не ой бар шалда, білместен.

Аялап туыс, жақыны  
Күндіз-түн күтті сырқатты.  
Кемпірі бірде ақыры:  
— Қалайсың шал? — деп тіл қатты.

Сөз бастай алмай жөтеліп,  
Булығып тыныс алады.  
Төсектен басын көтеріп,  
Жанарын жайлап қадады.

Шал айтты:

— Жанды алатын  
Ажал да емес қинайтын.  
Қазынамды артта қалатын  
Лайық ұл жоқ сыйлайтын.

Балтағұл жалқау, тоң мойын,  
Еңбекпен дүние таппайды.  
Еріншек өскен ондай ұл  
Сенімді қалай ақтайды?

Еңбектің білмей қадірін,  
— Мұратқа,— дей ме,— жетемін,—  
Еріншек, жалқау, әлі күн  
Мұрагер қалай етемін?

— Кім айтты мұны өзіңе,  
Себебің оған бар ма бір?  
Егер де сенсең сөзіме  
Еріншек емес Балтағұл.

— Ендеше, тауып еңбекпен  
Әкелсін бір сом ақшаны.  
Жазғырып қайтем мен текке,—  
Деп шалы түйіп тастады.

#### IV

Ананың аты ана ғой,  
Жақсылық ойлап тұратын.  
Баланың аты бала ғой,  
Білмейтін мақсат-мұратын.

Бүгінгі шаттық өмірі  
Мәңгілік оған сияқты.  
Ортаймай әр кез көңілі,  
Қалайды нұрлы шуақты.

Көбіне аяп баласын,  
Қатерден ана қорғайды.  
Жақсы мен жаман арасын  
Айырып біле алмайды.

Ақ тілеу тілеп жолына,  
Болсын деп оған жақсылық.  
Бір сомды беріп қолына  
Мынаны отыр тапсырып:

— Бір жаққа барып, қарағым,  
Ауылға кешке қайтарсың.

«Табуға ақша жарадым»,—  
Деп, әкеңе айтарсың.

Ұмытып бәрін қалмағын,  
Сөзімді түйіп ұға бер.  
Еңбек ет, сонда болғаның  
Әкеңе өзің мұрагер.

Айтқандай Ажар анасы,  
Балтағұл бәрін істеді.  
Ұсынған кезде баласы,  
Бір сомды әке иіскеді.

Ойына келген ол сөзін,  
Айтуға бірден саспады.  
— Еңбегің емес бұл сенің! —  
Деді де отқа тастады.

Өтірік айтып көрмеген  
Ұл сырын әке білді ме?..  
Үн-түнсіз шықты бөлмеден,  
Балтағұл іштей күлді де.

Балпаңдай басып ырғалып,  
Жан емес, тіпті алаңдар.  
Ол үшін ойлап, қиналып,  
Көрсетер жолды адам бар.

Ойлауға әрі бармайды,  
Сол бетте қайтып келеді.  
Әкемен болған бар жайды  
Анаға айтып береді.

— Құлығымызды шал осы  
Жатыр ғой біздің түсініп.  
Ендеше,— деді анасы,  
Тағы да бір сом ұсынып:

— Жүгіріп біраз тер төк те,  
Кешкісін үйге қайтарсың.  
Әкеңе келіп сол бетте,  
Ақшаны беріп айтарсың:

— Бір сомды табу үшін мен,  
Ұзақ күн жұмыс қылдым,— деп.—  
Айрылдым талай күшімнен,  
Тер ағып, шаршап тұрмын,— деп.

Болмашы алаң сен тіптен,  
Ештеме демес ол енді.  
Түріңді көріп ендіккен,  
Өзіңе сонда сенеді.

Айтқандай Ажар анасы,  
Балтағұл бәрін істеді.  
Ұсынған кезде баласы,  
Бір сомды әке иіскеді.

— Келмеген маңдай терменен,—  
Деді де отқа тастады.  
Сол күйі сырын бермеген,  
Қабағын түйіп ашпады.

Күрсініп әке ашулы  
Күпісін алды бүркеніп.  
Ал ұлы білмей сасуды,  
Шешеге тағы тұр келіп.

— Алданып әке қалмайды,  
Қолдансақ амал қандай біз.  
Көзіңмен көрдің жағдайды  
Өтірік алдай алмаймыз.

Еңбек ет, адал тер төгіп,  
Ұзақ күн жаның қиналсын.

Ісіңе тиын ел беріп,  
Бір сомды, сөйтіп, жинарсың.

Жібермес кері қайтарып,  
Сонда тек әкең сенеді.  
Өзіңе осы айтарым,—  
Деп, ана ақыл береді.

## V

Балтағұл білмей не істерін,  
Дел-сал боп отыр далада.  
Алаңсыз өмір кешкен ұл,  
Жұмысқа бірден бара ма?

Басуға қадам артық бір,  
Туғаннан өзі ерінген.  
Жүрердей азап тартып құр  
Дозақтай еңбек көрінген.

Ұзақ күн ойлап, толғанып,  
Қиналды қатты, қиналды.  
Етуге еңбек жалданып,  
Ақыры жолға жиналды.

Оятып өзін таң нұры,  
Біреудің малын бағысты.  
Қолына алып шалғыны,  
Шөбін де жинап, шабысты.

Біреудің келіп үйіне,  
Отынын жарып, үйісті.  
Тыныштық көрмей күніне,  
Істеді біраз жұмысты.

Бұрынғы қалып еркелік,  
Осылай жанын қинады.  
Еңбекпен адал тер төгіп,  
Тиындап бір сом жинады.



## VI

Қуанып үйге енген ұл,  
Әкеге берді ақшаны.  
— Бұл да емес сенің еңбегің,  
Деп тағы отқа тастады.

— Еңбекпен адал табылған,—  
Деп ұлы айқай салғаны.  
Ақшаны сол сәт жалыннан.  
Суырып қолмен алғаны.

Сонда әке жайлап күлді де,  
Жадырай ашып қабағын.  
Ұлының сырын білді де,  
— Тыңдашы,— деді,— қарағым.

Жанғалы ақшаң жатқанда,  
(Балам-ау, бәрін байқағам).  
Жасқанбай жанған оттан да,  
Суырып алдың қайтадан.

Көрінер ыстық адамға,  
Табылған ақша еңбекпен.  
Болған соң ақыл санаңда,  
Екенсің адал тер төккен.

Аямай терін төккен жан,  
Рақатын оның көреді.  
Еңбекті сүймей өткен жан,  
Қадірсіз болып өледі.

Өзіңе енді сенемін,  
Еңбектің білдің қадірін.  
Мұрамды жиған беремін,  
Мұрагер болдың, жарығым! —

Дегенде, күлді баласы,  
Жанына жағып барады.  
Ұяттан Ажар анасы  
Үн-түнсіз төмен қарады.

Еңбекке адал үйретіп,  
Баласын қосып қатарға,  
Таусылар демі күн жетіп,  
Шал кетті қайтпас сапарға.

## VII

Байлыққа қалай жетерін,  
Ойласа бұрын жалқау ұл.  
Мұрасы — еңбек екенін  
Білді тек кейін Балтағұл.

Түсініп барып мән-жайды,  
Тапса да өзі мол мұра.  
Өмірін мәңгі арнайды,  
Еңбектің адал жолына.

Еңбекпен адал тер төгіп,  
Көрсетті талай өнерді,  
Мұнысын барша ел көріп,  
Құрмет пен сыйға бөленді.

Досындай құшақ кең жайып,  
Еңбекпен әр таң жолықты.  
Әкесіне ұлы лайық  
Мұрагер солай болыпты.

## АДАСҚАН ПИНГВИН

Атамекен қоныста,  
Сонау алыс полюста.

Боран соғар ысқырып,  
Аязы бар үскірік.

Жағдайда осы тым қиын,  
Туыпты бір Пингвин.

Қарай берді алақтап,  
Маңы көк мұз, қар аппақ.

Мұндай жайға таңы бар,  
«Қызық, мүмкін, табылар»,—

Деп маңайдан сыр бағып,  
Шықты жолға ұрланып.

Анасына айтпады,  
Оралып тез қайтпады.

Айнала мұз-қалашық,  
Кетті қарлы тау асып.

Кезіп мұзды жүрді көп,  
Бір кез үйге бұрды бет.

Жолын таппай алғашқы,  
Шаршап әбден, қарны ашты.

Тірі жан жоқ жанында,  
Адасты қас қағымда.

Отыр еді көз ілмей,  
Бір Пингвин өзіндей

Ойда жоқта жолықты,  
Жүдеп, жағы солыпты.

Өксігені басылмай,  
Айтты сырын жасырмай.

— Үйде жалғыз тұра алмай,  
Кеттім жырақ сұранбай.

Білмей оң мен солымды,  
Таппай келген жолымды.

Іздеуменен жалықтым,  
Адасып мен қалыппын.

— Мен де жүрмін адасып,—  
Деді ол бұған жанасып.

— Мұндас жанбыз екеуміз,  
Енді біздер не етеміз?

Қиын болған жайды ұғып,  
Тұрды екеуі қайғырып.

Басылғанда өксігі,  
Бір дыбысты естіді.

Жыпылықтап көздері,  
Қорыққан-ды өздері.

Кірер тесік таппады,  
Айғайлауға шақ қалды.

Үміт өшіп бойдағы,  
«Өлдік-ау»,— деп ойлады.

— Мұнда тұр ғой балалар!  
Деген сәтте аналар:

— Апа, апа!— дескені,  
Лезде үрей көшкені.

Қуанысып қалысты,  
Ана, бала табысты.

Осы жайдан кейін-ақ,  
Балаларға кейіп ап.

Бірігіп бар аналар,  
Ойлап тапты бір амал.

— Мұндай жағдай бұл бір ме,  
Кездесер көп, кім білген?—

Жоғалтып біз алармыз,  
Іздеп қайдан табармыз.

Сөзге зейін қойыңдар,  
Айтар менің ойым бар.

Бар баланы қосайық,  
Балабақша жасайық.

Ортамыздан біреуміз,  
Күтіп, баптап жүрерміз.

Тәрбиеші болғасын,  
Қамқорлыққа алғасын,

Бала адасып, тоңбайды,  
Жақсы тәртіп орнайды.

Бұған қарсы болмады,  
Жұрттың бәрі қолдады.

## СЫЙЛЫҚ

— Сенің туған күнің,— деп,  
Беске толдың бүгін,— деп.

Менің ағам Нұрғалым  
«Ойыншық-хоккей» сыйлады.

— Біліп алмай болмайды,  
Бұны былай ойнайды,—

Деп дәлдеді қақпаны,  
Бірақ сабыр сақтады.

Ағай ұзақ көздеді,  
Ал серігі төзбеді.

Айтты қонақ жайдары:  
— Дәл түсірсең шайбаны.

Ойын сырын ұғасың,  
Құмардан бір шығасың!

Нысанаға тимеді,  
Ашулы ағай бұй деді:

— Шыда, достым, азырақ,  
Түсіремін қазір-ақ!

Ал серігі көнбеді,  
Өз кезегін бермеді.

— Қара да тұр, мен енді  
Көрсетейін өнерді.

Ұрып еді шайбаны,  
Қақпаға дәл бармады.

— Тағы да ойнап көрейік,  
Жеңіліп, не жеңейік.

— Осы болса талабың,  
Мен де қабыл аламын.

Жеңбек ойы қалай да,  
Білек түрді ағай да.

Торға шайба салмақшы,  
Ойын қайта жалғасты...

Ештеңені ұқпадым,  
Ойыннан мен сырт қалдым.

Бірі ұтылып, бірі ұтты,  
Мені олар ұмытты.

Айтындаршы шындықты,  
Кімге әкелген сыйлықты?

## МЕДЕУ

Алатау бөктері,  
Көк шалғын айнала.  
Ақша бұлт көктегі,  
Жылжиды жай ғана.

Шуаққа ұмтылып,  
Жайқалған гүлдермен.  
Атырап құлпырып,  
Әсем бір түрге енген.

Гүл теріп, сайрандап,  
Бүлдірген жеп алып  
Маңайға қайран қап,  
Отырмыз дем алып.

Бір кезде бөлінді  
Ойымыз тым тәтті.  
Вожатый көңілді  
Былайша тіл қатты:

— Балалар, мынадай,  
Бар қояр сұрақ бір.  
Ағай да біле алмай,  
Демендер сұрап тұр.

Осындай тамаша,  
Мекенді кім көрді?  
Атаған қалайша,  
«Медеу» деп бұл жерді.

Медеуге бұрылды,  
Қарап мұз айдынга.  
Сыр барын ұғынды,  
Келмеппіз жай мұнда.

Қойылған сұраққа,  
Елеңдеп, шаттанып.  
Жабылып бірақ та,  
Біз жауап таппадық.

Сөз алды Нұралы:  
— Әлемге әйгілі,  
Білеміз мынаны,  
Медеу — мұз айдыны.

Айтқанын ұқты да,  
Қуаттап жолдасын,  
Сәл үнсіз тұрды да,  
Сөйледі Ондасын:

— Мен бар ғой, ал енді,  
Айтпаймын жаңылыс.  
Таң қылған әлемді,  
Болды ірі жарылыс.

Бөгеген жолдағы,  
Толқынын тасқа ұрған.  
Қаланы қорғады,  
Дүлей күш тасқыннан.

Ел ұлын елепті,  
Қалсын деп атағы:



Мұз айдын, бөгетті,  
Медеу деп атады.

Вожатый жымыды,  
Басын да шайқады.  
Біздерге бұрылды,  
Бардай бір айтары.

— Алындар түсініп,  
Айтайын бір жайды.  
Атымен кісінің,  
Атаған бұл сайды.

Бұл жерді тек қана,  
Медеу қарт жайлаған.  
Беткейді бетке ала  
Жылқысын айдаған.

Жұрт көріп, мақтаған  
Шұрайлы жер екен.  
Жылқысы қаптаған,  
Тастан да көп екен.

Төңкеріс кезінде,  
Қысқанда ақтар кеп.  
Қызылдар шегінген,  
Тау іші сақтар деп.

Еріп ол жел сөзге,  
Тас атпай тасадан  
Медеу қарт сол кезде,  
Тапқырлық жасаған.

— Үн-түнсіз жатпаймын,  
Қуана қарсы алам.  
Советті жақтаймын! —  
Деп елге жар салған.

Көргендей арманын,  
Таймаған сертінен.  
Қолдағы бар малын,  
Тапсырған еркімен.

Әскерге қару да,  
Азық пен ат берген.  
Қызылдар жауына  
Күш жинап, тап берген.

Осы іс-қылығы,  
Аңыз боп тараған.  
Бұл жайды бұрынғы,  
Біледі бар адам.

Бүгінде әлемге  
Атағы тараған.  
Мүз айдын Медеуге,  
Қызығар бар адам.

## ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ

— Астындағы мінгенің,  
Нағыз тұлпар тұяғы.  
Атаң қалай, білмедім,  
Қой жаюға қияды?

Күтіп,  
баптап,  
Жаратып,  
Қосу керек жарысқа,  
Атын көпке таратып,  
Даңқы кетер алысқа.

Қалай атаң хал-жайы,  
Ширақ па өзі әлі де?  
Осы сөзді арнайы,  
Айтты досың Әлі де.

Шарықтайды қиялым,  
Не мағына бар мұнда?  
«Нағыз тұлпар тұяғы»,—  
Деген сөз тұр жадымда.

Түсінбедім бірақ та,  
Әлгі сөздің мәніне.  
Атам осы сұраққа,  
Жауап берер, әрине...

Іштегі сыр жата ма?  
Әдетім ғой бұрынғы.  
Айтып едім атама,  
Жасыра алмай сырымды.

— Әлі сөзі орынды,—  
Деп ол қалды ойланып.—  
Бекер өзім торымды,  
Қор етіппін қой жайып.

«Нағыз тұлпар тұяғы»,—  
Деген сөздің мәні бар.  
Шарқ ұратын қиялы,  
Баласың ғой оны ұғар.

Сақта есіңнен шығармай,  
Түсіндіріп көрейін.  
Бір аңызды мынандай,  
Әңгіме етіп берейін.

Біреу сонау күндерде,  
Дүниеден өтіпті.

Жоғын іздеп жүргенде,  
Сорға түсіп кетіпті.

Тәтті емес пе жан да аса,  
Сорлағанын ұғады.  
Күшін жұмсап қалмаса  
Қалай сордан шығады.

Қалған өзі алданып,  
Ұқсап аңқау балаға.  
Қоға, талды қарманып,  
Зорға шыққан жағаға.

Үрей кірген бойына,  
Әлсіздік те қинауда.  
Аты оралды, ойына,  
Есін бір кез жиғанда.

Тауысты әбден төзімін,  
Үміт үзіп, торықты.  
Ал бағына өзінің,  
Бір жолаушы жолықты.

— Ерге жігер серік-ті,  
Жайынды мен ұғамын.—  
Атын оған беріпті,  
Деп  
— Қамықпа, шырағым.

Түсіндім мен мән-жайға,  
Аяма өзің атты да.  
Басып қатты айғайға  
Құйындатып шапқыла.

Естіп айқай, дүбірді,  
От шашар қос жанары.  
Болса көрер ғұмыры,  
Бағы аттың жанады!

Естіп айғай, дүбірді,  
Ат кісінеп бұлқынған.  
Әлсіздік жоқ бұрынғы,  
Жаға жаққа ұмтылған.

Жан ұшыра талпынып,  
Шығуға күш салады.  
Кісінейді алқынып,  
Амал жасап бағады.

Ақыр сордан құтылып,  
Иесіне асыға,  
Тайбурылдың тұқымы,  
Жетіп кепті қасына.

Бетін жасқа жуады,  
Аты күшін танытты.  
Дейтін:

«Тұлпар тұяғы»

Сөз сол кезден қалыпты.

Бердім сырды таратып,  
Құптаймын мен дос ойын.  
Күнде баптап, жаратып,  
Күз жарысқа қосайын.

Сәйгүлік бұл — сенікі,  
Бәйгеге бір саларсың.  
Абыройы менікі,  
Сөзімді еске аларсың.

## АШЫЛҒАН СЫР

I

Балалар жақсы көретін,  
Мұғалім өзі бұрыннан,  
Біздерге сабақ беретін,  
Дене шынықтырудан.

Қаһарман еді есімі,  
Ренжуді әсте білмейтін.  
Балалар болса кешігіп,  
Сабақтан қалып жүрмейтін.

Сұңғақтау келген бойы да,  
Көз тартар бірден көргенде.  
Ел тәнті болар ойына,  
Сұраққа жауап бергенде.

Жандардай тез шектеліп,  
Спортпен ғана қалмапты.  
Оқыған,  
Өмір көп көріп,  
Білімдар әрі жан-жақты.

Қап-қара болған бір кезде  
Ақ қырау бұйра шаштары.  
Құпия жұмбақ біздерге  
Аяғын сылтып басқаны.

Жетінші «Б»-ға — біздерге,  
Жетекші болды сол кісі.  
Жолығып жұмбақ іздерге,  
Келгендей соны шолғысы.

Жиналып үйге кететін,  
Кезде дәл бізді қалды алып.  
Мектепте алда өтетін,  
Кездесу кешін талдадық.

Жанарын қадап,  
Сәл тоқтап,  
Қласты шолып шықты да,  
Сонан соң жайлап, салмақтап,  
Мынаны айтты ұқтыра:

— Ел сүйер жақсы жандарды,  
Дұрыс қой біздер көп білсек.  
Солармен бір күн алдағы  
Кездесу кешін өткізсек.

Мадақтап ылғи жүреді,  
Өнеріне әркім тамсанып,  
Мектептің осы түлегі,  
Мысалы,  
Палуан Қайсаров.

Атақты,  
Күшті,  
Әлді де,  
Жетеді даңқы бір басқа,  
Айтқызсақ қызық әңгіме,  
Шақырып біздің класқа.

Өңіміз жайнап гүл атты,  
Естіп біз, шыдап тұрмадық.  
Жаудыртып оған сұрақты  
Жан-жақтан улап-шуладық.

— Танысқымыз-ақ келеді,  
Сол палуанмен әйгілі,  
— Өткізген дұрыс, ал енді  
Кездесу кешін қай күні?

Қуанышын ол жасырмай,  
Жымиып бізге қарады.  
Гу-гу сөз тұрсын басылмай,  
Жалғады ойын жаңағы.





— Атақты палуан Қайсаров,  
Қластың сыйлы қонағы,  
Көрмеген әсте тайсалып,  
Есімі — Жалын болады.

Намысын қорғап елінің,  
Қатысқан талай жарысқа.  
Арнаған соған өмірін,  
Атағы кеткен алысқа.

Ақылы,  
Күші,  
Айласы,  
Сай келіп жыққан талайды.  
Спорттың жұртқа пайдасы,  
Тигенін дәйім қалайды.

Қарсыластарын жеңгенде,  
Қол соққан қауым еріксіз,  
Жарыстар өткен елдерден,  
Қайтпаған әсте жеңіссіз.

Атағына сай мінезі,  
Көпшілік содан сүйеді.  
Жас кезінен-ақ бұл өзі,  
Елгезектің бірі еді.

Бойына сіңген бұрынғы,  
Болмаса әдет егер де,  
Уақыт тауып бүгінгі,  
Кездесуге осы келер ме?

Өзі айтсын енді сыр етіп,  
Тыңдаған болар орынды,—  
Дегенде класс ду етіп,  
Шапалақ қызу соғылды.

### III

Қос иық біткен қомақты,  
Қонақтап қыран тұрғандай.  
Тыңдап біз палуан қонақты,  
Отырмыз үнсіз, шуламай.

— Балалар, — деді, — мен жайлы,  
Айтты ғой толық Қаһарман.  
Қайталап айтсам болмайды.  
Ешбірін тізіп атаман.

Балалық шақты — нұр күнді  
Біздер де бастан өткердік.  
Білместен көңіл кірбіңді,  
Кеудені жүрдік көктем ғып.

Мектепте біз де оқыдық,  
Отырдық өстіп партада.  
Зердеге білім тоқыдық,  
Қағатын ұстаз арқаға.

Түрінде мейірім жылылық,  
Ұстазға көзін тастады.  
Қласқа сосын бұрылып,  
Қайтадан сөзін бастады.

— Күреске үлес қосқанын,  
Мұғалім мына Қаһарман.  
Білесіңдер ме, достарым,  
Қалмаған өзі қатардан.

Айтпай-ақ оны білер де,  
Жанкүйер қауым ұнатқан.  
Аяқтан шалып кілемге  
Сан қарсыласын сұлатқан.

Жайылып бұның атағы,  
Кететін еді алысқа,  
Жаныма қазір батады,  
Қалғаны түспей жарысқа.

Кінәсы емес өзінің  
— Бар,— деді,— оның себебі.  
Білдірді нәзік сезімін  
Ақырын сөйлеп ол енді.

— Көшемен келе жатады,  
Ойланып, адам жоқ та көп  
Қиысқан жолға тақады,  
Қызыл шам жанды «тоқта»,— деп

Мұндайда болмас көшені,  
Кесіп бір өту асықсаң.  
Сәлден соң қызыл өшеді,  
Жанады «Өт»,— деп, жасыл шам.

Жол шамға көңіл бөлмейтін,  
Бір бала топтан табылды.  
Өз ісін ғана жөн дейтін,  
Есімі оның Жалын-ды.

Қарамай шамға өтпекші,  
Көшені өзі қиып ап,  
Жүгіріп тез-тез кетпекші,  
Машина басса, қиын-ақ.

Ойламай артын ісінің,  
Ұмтылды тура бетке арғы.  
Болғанша жайды түсініп,  
Машина бұған кеп қалды.

Қас қағым сәтте жаңағы,  
Оқиға болды тым өзге.

Әлуетті қолдар баланы,  
Көтеріп алды лезде,

Денесі сап-сау баланың,  
Ажалдан аман қалады.  
Кәкеңнің сол жақ аяғын,  
Машина қатты қағады.

Оқиға осы боп қалды,  
Еш адам мұны күтпеген.  
Машина соққан тоқтады,  
Абыр да сабыр жұрт деген.

«Жедел жәрдем де» асыға  
Ащы үнмен белгі береді.  
Жаралы жанның қасына  
Табанда жетіп келеді.

Ашайын сырды сендерге,  
Жасырам енді несіне.  
Кездесуге осы келгенде,  
Оралды сол жайт есіме.

Мұғалімдерің құтқарған,  
Балалар, Жалын мен едім.  
Зер салып сөзді ұққанға,  
Өтелмес борыш дер едім!..

Айтуды әбес көрген бе?  
Мұғалім сырын жасырған.  
Палуан айтып бергенде,  
Осылай жұмбақ ашылған.

Жол салып асқар шындарға,  
Мойымай бәрін жеңетін,  
Ұстазды бұрынғыдан да  
Болдық біз жақсы көретін.

## БАТЫРДЫҢ АНАСЫ

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДА ЕРЛІКПЕН  
ҚАЗА ТАПҚАН СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ  
БАТЫРЫ ҚАЗЫБЕК НҮРЖАНОВҚА

Шуақты күн көзінен нұр тілеген,  
Жасарып, жасауланып қыр түлеген.  
Өлкені күйге бөлеп, көктем келді  
Қар суы ақты қоңырау күлкіменен.

Қою бұлт, қыс ызғарын ала көшті,  
Бәйшешек, қызғалдақтар далада өсті.  
Ақ әже ауылына тағы да бір,  
Көктемнің желпіп баяу самалы есті.

Жұмсара бастаған соң қыс қабағы,  
Бұл кезде не қызықтың тыста бәрі.  
Шалқыған думандағы оркестрдей,  
Маңайды жаңғыртады құстар әні.

Молайған бүгінде әжім бетіндегі,  
Ақ әже үйі ауылдың шетінде еді.  
Батпандай мұң басса да қос иықтан,  
Жан сезімін үміттің оты үрледі.

Еңсесін бүкпей өзі тік ұстайды,  
Шырығып, еркін дем ап тыныстайды.  
Күйбең-күйбең тіршілік қажытса да,  
Біреуге қабақ шытып, ұрыспайды.

Көктемде шығып күннің шуағына,  
Болады бойға қуат, сыр алуға.  
Ақ әже отыр үнсіз үй алдында,  
Қабағы ашылмастан мұңаюда.

Денеге күн қызуы жетпегендей,  
Әжімді бетін самал өплегендей.

Жасарған табиғаттың балғын шағы,  
Жанына шипалы ем етпегендей.

Уақыт тасқын судай зырлап өткен,  
Құса боп беріледі мұңға көптен.  
Майданға аттанғалы жалғыз ұлы,  
Жиырма қыс өтіп,  
Жетті жиырма көктем.

Ойлауды өткенді кім жек көреді,  
Әжей де тағдырына өкпелі еді.  
Кеудеде бәрі-бәрі сайрап жатыр,  
Елжіреп ет жүрегі кеткен еді...

Жапқанда жерді соғыс көлеңкесі  
Шошына ұшты аққу — көл еркесі.  
Құйылып мойнына су кеткендей,  
Пәс болып, түсті бір сәт ел еңсесі.

Кеудеге намыс атты жалын жағып,  
Жан Отан шақырғанда дабыл қағып.  
Қорғауға туған елін азаматтар,  
Атанды Отан сөзін қабыл алып.

Әжейдің жалғыз ұлы Нұралы да,  
Аттанбақ майданға өзі сұранды да.  
Бүкпесіз ойын ашып айту үшін,  
Жасқанып әжесінің келді алдына.

— Жан апа, ашып айтсам сырды ұғасың, —  
Кеудеме жүрегіңнен нұр құясың.  
Дұшпаннан кек алуға аттанамын,  
Құлының, от-жалынға бұрды басын.

— ...Не дейді!  
Қалмаған ба балалығың,

Бұл да бір албырттығың,  
Шалалығың.  
Сен әлі кәмелетке толған жоқсың,  
Баратын қай іске де аға бұрын.

Майданға ал деп қалай тіленгенің,  
Ұлымсың жүрегіммен сүйер менің,  
Ақылменен келетін бір шешімге  
Бұныңды мен ертерек білер ме едім?!

Тәңірім өзінді де қимады ма,  
Мәңгілік жалғыздықты сыйлады ма?  
Күндіз-түн күзетіп қос босағаны,  
Қалай мен сыям сенсіз үйге мына?

Мұңлы ойын осылайша қозғағаны,  
Одан соң сөзді әрі созбаған-ды.  
Амалы бар ма басқа қолдан келер,  
Ботадай егіліп кеп боздағаны.

«Соғысқа, — деген сөзі, — аттанамын»,  
Жанына шаншудай боп батты ананың.  
Үндемей, жаулық ұшын бүктей берді,  
Көрдің бе ешбір амал таппағанын.

— Дұрыс па, жасып, апа, босағаның,  
Мұндайда бұғып қалар тасада кім?  
Жолыма тілеу тілеп, бер батаңды,  
Жауымнан мен де барып өш аламын!

Шаттыққа толтырып бар өміріңді,  
Көтерем той-думанмен көңіліңді.  
Жеңіспен оралғанда аман елге,  
Қолыңа әкелемін келініңді.

Несіне жаси беріп, бүгер белді,  
Осы сөз апасына жігер берді.

Жайдары анаға тән мейіріммен  
Майданға қабақ шытпай жіберген-ді.

Ішінде алапат бір от жанады,  
Жол тосып үмітпенен көп қарады.  
Түбіне тұңғықтың батқан тастай,  
Ұлының содан бері жоқ хабары.

Батады тағдыр салған жаза мына,  
Шыдады  
Қинаған жан азабына.  
«Майданда қаза тапты» деген тіпті,  
Келмеді елге қара қағазы да.

Мұршасы келмей құстай желпінуге,  
Сарғайып сағынышпен жол күтуде.  
«Оралар ұлым қара шаңыраққа»,—  
Деп бойын сенімменен сергітуде.

Кеудесін бір дүлей күш қысады да,  
Кіреді кейде қайғы құшағына.  
Баласы оққа ұшқандай елестейді,  
Қанат жоқ, әттен, іздеп ұшарына.

«Жаман ой, қаранды өшір, жоғал әрі,  
Жалғызым қалай ізсіз жоғалады!  
Көктемде туған елге қанат қағып,  
Құс екеш құс та қайтып оралады.

Елітіп, елжіретіп нұр даланы,  
Құстардың баурап алар жырлағаны.  
Арасы жер-аспанның күйге толып,  
Тұрады тамылжыған тындап әнді.

Қыз Жібек дерсің қыздар, бәрі осындай  
Тастамай жанарыңды қаласың ба-ай!



Баламның ұнатқаны қай бойжеткен,  
Қалды екен қайсысының бағы  
ашылмай?!.

\* \* \*

Үмітке иек артып талса да ана,  
Күтуден жалғыз ұлын шаршаған ба?!  
Бір күні бір топ адам келді үйіне,  
Отырған ойы кетіп саң-салаға.

«Көмегін жасамақшы тағы қандай!» —  
Дейді іштей бұларға бір таңы бардай.  
— Ақ әже, шүйіншімізді әзірлеңіз,  
Қуаныш бар, жүрегің жарылардай!

Қалып тұр жайды қазір ұғынудан,  
Белгісіз келгендердің сыры бұған.  
— Алындар көңілдерің ұнатқанын,  
Бір хабар әкелсеңдер құлынымнан.

Сөйлеңдер, дегендей-ақ шешіле бір,  
Қарайды кәрі көзбен тесіле бұл.  
Елжіреп ет-бауыры жан баласын,  
Алмаған шығар бүгін есіне құр.

— Ақ әже, халық сыйлар қариясың,  
Ақылға шалқып жатқан дариясың.  
Біреудің ортақтасып қайғысына,  
Қасынан қуаныш боп табыласың.

Өткеріп өмірдің сан ағыстарын,  
Еңбектен ел қатарлы қалыспадың.  
Ұлыңнан хабар болмай көп уақыт,  
Білеміз қабырғаңның қайысқанын.

Сабырлы жан деп халық білер сені,  
Келесің ұстап әлі тік еңсеңді.

Ерге тән қайратыңды жыр ғып айтып,  
Кейінгі ұрпақ үлгі етіп жүрер сені.

Көрсетпей бөтен мінез, шайпау қылық,  
Күтеміз өзіңнен біз байсалдылық.  
Жанардан от ұшқыны тайған жоқ қой,  
Өйткені дос, серігің — қайсарлылық.

Өшпеген көкірегіңде жалын барын  
Білеміз,  
Жүрек сыздап сағынғанын.  
Айтқалы келдік біздер шат көңілмен,  
Ақ әже, жалғызыңның табылғанын.

Алдынан жарқ еткендей асыл үміт,  
Жас тұрды жанарында жасырынып,  
Кемсеңдеп жасықтыққа салынбады,  
Көрсетпей келгендерге тосын қылық.

— Сырымды көрші-қолаң,  
ел де білер,  
Жайым жоқ көрмей оны көрге кірер.  
Жақсылық айтқандарың рас болса,  
Қайда өзі,  
Ертіп неге келмедіңдер?

Құтқарып қайғы қысқан жағдайымнан,  
Сөз шықты балдай болып таңдайыңнан.  
Жалғызым табылғаны рас болса,  
Қайда өзі,  
Иіскетпей ме маңдайынан?

Есіме салдыңдар да қанатымды,  
Біржола тауыстыңдар тағатымды.  
Жарқ етіп неге маған көрінбейді,  
Қақ тілген нажағайдай қара түнді?

Үй болып тұр ма әлде бөтен жерде?  
Дей ме екен,  
Келінді алып жетем елге!  
Тек өзі тірі жүрсе жер үстінде,  
Хабарын біліп,  
Өмірден кетер ем де!

Күдік ой жанын қозғап, салды бүлік,  
Соны айтып көзін сүртіп, қалды тынып.  
Жел тұрып қайғы бұлтын көшіргендей,  
Бетіне әжім басқан қан жүгіріп.

Білмейді сенерін де,  
Сенбесін де.  
Өкпесі алқынады кеудесінде.  
Баласынан хабар ап  
Әжей отыр:  
«Келді,—деп,— жалғызымсыз ел несіне?!»

Әр істің жөнін білген, жолын білген,  
Танитын қай кезде де елін бірден.  
Үйдегі тыныштықты үркітті де,  
Басқарма сөз сөйледі қоңыр үнмен.

— Қағазда бәрі мына жазылыпты  
Ұлыңның жанын халық таза ұғыпты.  
Ерлігін қас батырдай мақтан етіп,  
Үкімет айтқан өзі қазылықты.

Жазыпты батырлығын қызық етіп,  
Жау шебін солдаттармен бұзып өтіп,  
Днепр, Сож, Десна өзенінен,  
Өкшелей жауды қуған жүзіп өтіп.

Демеймін қиындықтан жасқаныпты,  
Ел сенген Нұралыдай жасқа мықты.

Взводтың командирі,  
Аға сержант,  
Барлаушылар тобын ол басқарыпты.

Майданда қаһар төгіп ерлегенін,  
Сенбейсің көзбен бәрін көрмегенің.  
Зәре-құтын ұшырған дұшпанының,  
Осылай туса керек ер дегенің!

Осыны айтып үн-түнсіз қалды кенет,  
Тамағын сәл бөгеліп алды кенеп,  
Былайша Ақ әжеге баласының,  
Тағы бір берді ерлігін әңгімелеп.

— Қираған жау қолынан қала жанған,  
Орнында қоламта, күл, шала қалған.  
Фашистер шегінсе де айбат шеккен,  
Қасқырдай оқ тиіп бір жараланған.

Күлге айналды өрт тиіп егіс деген,  
Үйлерді жер бетімен тегістеген.  
Кеудеде соңғы демі қалса-дағы,  
Әскерге олар оңай беріспеген.

«Уралап» жауға атой саласың да,  
Солдаттық дәстүрден бұл қаласың ба?  
Взводы Нұралының таянғаны,  
Жау алған Волковск қаласына.

Бағдарлап жайды жақсы ұғыныпты,  
Жақын кеп жау шебіне бұғыныпты.  
Дұшпанға бас көтертпей оқ жаудыру,  
Тапсырма,  
Іске асыру, бұйрықты.

Нұралы тобы шағын — қыран бәрі,  
Даланы жаңғыртады ұрандары.

Лап қойып шыға келсе тұтқиылдан,  
Қорыққан бекіністен шығар жауы.

Көрсетпей сәл үзіліс, толасты да,  
Дұшпаны жатыр алып оқ астына.  
Қалаға бірінші боп кірді взвод,  
Арттағы қалың қолға жол ашты да.

Көргенде жаңбырша оқ боратқанын,  
Қашты жау тастап қару-жарақтарын.  
Ұрыста азат болған қала үстінен,  
Бара жатты көк түтін тарап қалың.

Артына бұрылып та қарамастан,  
Жауменен қоян-қолтық араласқан.  
Қайсарлық, табандылық Нұралының,  
Бойына біткен мінез бала жастан.

Жігері серік алға жетеледі.  
Жауына автоматтан от өреді.  
Шыныққан шар болаттай сом денесі,  
Жолдағы жауын жайпап кете берді.

Жан емес өрімталдай иілердей,  
Катулы кейпінен жау түңілердей.  
Қайтпайтын қайратына мініп алған,  
Қырандай көк төсінен шүйілердей.

Ер жеткен алаулаған от-жалында,  
Бөгеліп қала қоймас тосқауылда.  
Жүргенде жауды қуып, оқ тиіпті,  
Азат еткен қаланың шет жағында...

Тізгінді өз еркімен берер кімге,  
Басқарма әңгіме айтса сенер тілге  
Көзімен қалды үнсіз жер шұқылап,  
Келгенде осы тұсқа бөгелді де.

— Жалғай түс, неге, бастық, үндемедің,  
Болмасын ұлым жайлы білмегенім,  
Хабарын айтқың келсе, бүкпе бірін,  
Көңілім бұзылмасын күнде менің,

Жығылды дедің, қайтып тұра алды ма?  
Атойлап жауын әрі қуа алды ма?  
Қарағым, күмілжімей қағазыңнан  
Шындық сырды жайып сал тура алдыма.

Алдына жалбарынып құдайдың да,  
Ұлымды тірі бер деп сұраймын ба?  
Мерт болса, онысын айт, бекем жанмын,  
Жиырма жыл шыдап келдім, шыдаймын да!

Ақ әже байыпты жан, есті кісі,  
Отыр ғой сабырменен естігісі.  
Рұқсат беріп өзі басқармаға,  
Түйінді шешті шешпес ешбір кісі.

Мұндайда кім іркіліп аялдайды,  
Айтпас па өзі білер аян жайды.  
Әжейге хал-жағдайын баласының  
Басқарма былай тағы баяндайды:

— Ерлігін көзбен көрген ел біледі,  
Оғынан фашистердің өлді көбі.  
Нұралы сол шайқаста жараланып,  
Атысқан біткенінше соңғы демі.

Белорус жерінде өзі жатыр екен,  
Бүгінде жұртқа есімі жақын екен.  
Қуәлік қағаз мынау, көрсетілген,  
Советтер Одағының Батыры екен!

Қуаныш көңіл кілтін аша алады.  
Жанардан күміс тамшы қоса ағады.

Әжей де шыдамады, ана емес пе,  
Жігері құм боп, көңілі босағаны...

— Рақмет, бір хабарын бергеніңе,  
Жан апаң құса болып көрмеді не?  
Із-түссіз жоғалғанша күпті етіп,  
Ризамын ерлікпенен өлгеніңе.

Жарқырап атқан бүгін таңым қандай,  
Кеудемде тау бұзатын арын бардай.  
Құлаған шаңырағым көтеріліп,  
Тұтанып отым қайта жағылғандай!

Сен жоқта үйімде бір қол кеміді,  
Ер ұлым, білдірмеді ел де мұны.  
Кеудесін оққа тосар қайсар жандар,  
Қайратынан жаулары көрге кірді.

Таң қалып отырмын күш-қайратыңа,  
Жарапсың жауды құртып жайратуға,  
Жай түскен қарағаштай мерт болыпсың,  
Лайықсың теңесе жұрт қай батырға!

«Майданға, — десем де алғаш, —  
несін кеттің»

Жарапсың түзетуге көшін көптің.  
Тап жауы әкенді атты,  
Емшекте едің.  
Өзіңді жасық етіп өсірмеппін.

Жоғалту қиын екен жақын жанды,  
Жауыңа арыстандай батыл бардың.  
Ақтапсың жастай емген ақ сүтімді,  
Артыңда Батыр деген атың қалды.

Ақтапсың Ұлы Отан, ел тілегін,  
Соны естіп, бой жазып мен серпілемін.

Жиырма жыл, сарғайып құр жол  
тоспаппын,  
Бұған да бүгін тәубе келтіремін.

Атқызса ойлаумен көп таңды бұрын,  
Деректі ұлы жайлы алды бүгін.  
Кеудесін кере дем ап күрсінді де,  
Ұшымен көзін сұртті жаулығының.

Тарқатып мұңлы шерін көңілдегі,  
Иықтан жүк түскендей жеңілдеді.  
Хабарын жалғызының білгеннен соң,  
Ақ әже жоқтау айтып егілмеді.

Мұндайда ойы шырмап алмас кімді,  
Қайғыны қуанышпен алмастырды.  
Ақ әже мауқын басып сергігенде,  
Басқарма сөзді әрі жалғастырды.

— Кезінде қыс, көктем, жаз,  
жүдеу күздің,  
Демейміз: «Балаңыздан күдер үздің».  
Ауданнан келіп отыр арнайы өкіл,  
Естиік сол кісінің бір лебізін.

Абыржып кейбіреудей саспағаны,  
Бір шолып маңына көз тастағаны,  
Басқарма белгісін ол күткендей-ақ,  
Айтарын бөгелместен бастағаны.

— Ақ әже, күн тоқтаусыз өтеді екен,  
Су-дағы сіңіп жерге кетеді екен.  
Үмітін жалау етіп жықпаған жан,  
Түбінде мұратына жетеді екен.

Халқына аңыз етіп атын мұның,  
Жалынды оған арнар ақын жырын.



Ертеден келе жатқан халқымыздың,  
Дәстүрі құрмет етер Батыр ұлын.

Жүреkte сенім менен үміт бекіп,  
Өсірдің Отанына сүйікті етіп.  
Арнайы аупартком шешім алды,  
Ер даңқын көтермекке биіктетіп.

Ұмытсақ қарамас ел кешіріммен,  
Мен келіп отырмын сол шешімімен.  
Колхозды, өзі оқыған мектебін де,  
Атаймыз Нұралының есімімен.

Бетіне қан жүгіріп нұрланады,  
Ақ әже ілтипатпен тыңдағаны.  
Жіберді жиналғанды желпіндіріп,  
Өкілдің қуанышты бұл хабары.

\* \* \*

Мектепте Нұралының атындағы,  
Қызықты кеш өтер кез жақындады,  
Батырдың келді анасы балаларға,  
Орнынан тұрып қарсы ап жатыр бәрі.

Салтанат күйін төгіп арындаған,  
Жастар тұр алау болып жалындаған.  
Құрметті қонақ етіп Ақ әжені,  
Пионер қатарына қабылдаған.

Жас асып, шаш ағарып селдіреген,  
Мойнында галстугі желбіреген.  
Шоқ-шоқ гүл қолдарында қоршап өзін,  
Жаутаңдап күлім көздер мөлдіреген.

Жан-жақтан оқушылар сұрап ұлын,  
Қоятын сарыны бір сұрағының:

— Ақ әже, әңгімелеп беріңізші,  
Болғанын қалай Батыр Нұралының?

— Білімсіз өмір жолын тарта ала ма?  
Ондайға ел сенімін арта ала ма?  
Оқыған сендер құсап мұғалімнен,  
Отырған сендер құсап партаға да.

Сендерге батып батыл айта аламын,  
Әйтпесе тыншып қалай жай табамын.  
Мүмкін ғой қауіп төнсе Отаныма,  
Ерлігін Нұралының қайталауын.

Сүйеді ел нұрын төккен тыныш күнін,  
Үзіліп гүлі өлмесін қыр үстінің.  
Көрмендер соғыс атты алапатты,  
Тілеймін бейбітшілік тыныштығын!

\* \* \*

Ақ әже ұмытыпты шаршағанын,  
Қуана қарсы алады таң самалын.  
Бұрындар апасы еді жалғызының,  
Бүгінде сыйлы анасы барша жанның.



## Үшінші бөлім





## ОПАСЫЗ

Тау жайлаған елге бір  
Жау шабуыл жасапты.  
Тапталыпты гүлді өңір,  
Шаш ал десе, бас апты.

Анталап жау тұс-тұстан,  
Тауды айнала қоршапты.  
Көре алмай  
Бір құс та ұшқан,  
Қалжырапты, шаршапты.

Тұйық жолдан шыға алмай  
Оралағанда нөкері.  
Жау басшысы мынандай  
Сонда жарлық етеді.

— Кім де кім бұл мекенге  
Жол тапса егер апарар,  
Діллаға толып етегі,  
Әрі жүйрік ат алар.

Жар салыңдар маңайға,  
Шың мен құздар естісін:  
Жолсерікпен қалайда,  
Оралыңдар кешкісін!

Нөкерлері маңайды  
Ұзақ күнге шарлапты.  
Жол көрсетер адамды,  
Бірақ таба алмапты.

Бір шыңда екен жаңағы  
Тау халқы жау іздеген.  
Білетін жан барады,  
Жалғыз аяқ ізбенен.

Осы өлкеде бір жігіт  
Жылтырға тым құмар-ды.  
Сый, байлыққа ынтығып,  
Жауды тауға шығарды.

Әкесі бұл сұмдықты  
Естіді де сенбеді.  
Ашу буып, булықты,  
Ұлын қарғап, жерледі.

Іс мәнісін тексеріп,  
Шындығына келгенде,  
Қалса-дағы кеш көріп,  
Шешім тапты ол демде.

Кешіре алмас қылығын,  
Көңіліне мұз қатқан.  
Басын шауып ұлының,  
Ат, алтынмен құзға атқан.

## ҚОҢЫРАУ

### I

Күз келер жаз артынан даламызға,  
Күз келсе, қол қусырып қаламыз ба?!  
Отанның толтырамыз қамбаларын,  
Астықтан тау тұрғызып аламыз да.

Көркіне кей ақынды ынтық етер,  
Жөңкіліп көкті торлап бұлты кетер,  
Басылсын дегендей-ақ жолдың шаңы,  
Жауынын жерге жиі бүркіп өтер.

Ал жандар жырға құмар, сырға құмар,  
Сыбызғы сазды әуенін тыңдап ұғар.  
Кейбіреу көңілсіз деп кейігенмен,  
Күздің де сан қызығы, думаны бар.

Балбұлақ жас баладай былдырлаған,  
Кұстар жоқ әсем ән мен жыр жырлаған.  
Мектепке ұландарын шақыратын  
Қоңырау үні ерекше сыңғырлаған.

Бұлбұлдай қағатын кеп жез таңдайын,  
(Сондықтан неге ынтығып көз салмаймын).  
Осындай қоңыраудың бірі жайлы,  
Оқушым, сіздерге енді сөз қозғайын.

### II

Мектепте, мұғалімдер бөлмесінде,  
Бұрыш бар қарайтын кеп ел тесіле.  
Бұйымдар шыны шкафтан орын тепкен,  
Көрнекі құралдардың көрмесі ме?!

Болса да әрі жауыз, әрі мықты,  
Қай күш бар құрта алатын тарихты.

Кешегі өткен күннің куәсіндей,  
Шкафқа бұл бұйымдар салыныпты.

Бойламай бар сырына ұғынды кім,  
Тұр онда кітап, дәптер жұлым-жұлым.  
Қаламсап, сиясауыт қолдан ойған,  
Қоңырау белгісіндей бұрынғының.

Қоңырау жезден соққан, өрнегі бар,  
Бұның да талай жайтты көргені бар,  
Қазірде сыңғыр үні естілмейді,  
Көрнекі көзге түсер жерде тұрар.

Көп жанға бұл қоңырау асыл әлі,  
Өз сырын білмегеннен жасырады.  
Әрдайым Сәрсенғали мұғалімнің  
Көзіне оттай ыстық басылады.

### III

Сонау кез басталғанда дауылды күн,  
Көтерді кедей халық ауыр жүгін.  
Шайқастар жүріп жатқан қала түгіл,  
Таппады даладағы ауыл тыным.

Сол дауыл түнек бұлтын түрген еді,  
Жетті оның ауылға да дүрбелеңі.  
Қуанып жалшы, кедей бір-біріне,  
Деп жүрді: «Ел басқаша күн көреді!»

Жалындай қып-қызыл боп алаулаған,  
Жалауша қалмады үй қадалмаған.  
Жоғалып күңіренген қоңыр әуен,  
Естілді шаттық үні бар ауладан.

Жаңа леп Октябрьдің дауылы да,  
Қамтыды Сәрсенғали ауылын да.

Әкесі мекен еткен Қызыларай,  
Басына ту тігілді тауының да.

Октябрь таңы атқанмен күліп алдан,  
Сан асу өткел бермей тұрып алған.  
Білімсіз жан таппайды жүрер жолын,  
Мұндайда жол табады білім алған.

Қапастық, қараңғылық жапқан қырды,  
Осы жай жас Советті сақтандырды.  
Кешегі сарбаздардың біраз тобын,  
Беруге елге білім аттандырды.

Бұлқынған асау күш бар білегінде,  
Жалын бар алаулаған жүрегінде.  
Сондай бір қызыл әскер — Қалиасқар,  
Оралды мұғалім боп қыр еліне.

#### IV

Сабырлы Қалиасқар жайсаң еді,  
Қайтпайтын бір бетінен қайсар еді.  
Жауына шүйілсе егер қыран болып,  
Досына көк шалғынды майса еді.

Көргенмен тағдырынан тапшылықты,  
Қалайтын жаны оның жақсылықты.  
Тұйыққа тірелгенде батылдығы  
Жетелеп даңғыл жолға ап шығыпты.

Бар-тұғын жұртқа берер ақылы да,  
Сол еді бұның туыс-жақыны да.  
Майталман өз ісінің шебері еді,  
Батырдай кетпесе де аты қырға.

Ерекше болмаса да зор денелі,  
Жанынан жылылықты ел мол көреді.



Парасат қос жанарға ұялаған,  
Ашуы ақылына жол береді.

«Хат танып, білім сырын білер менен,  
Қырандай жұрт желпініп түлер»,— деген.  
Осы оймен «Қызыларай» ауылына  
Келгені берік сенім-жігерменен.

## V

Жиналыс болды біраз басталғалы,  
Келмеген үлкен менен жас қалмады.  
Жұртқа айтқан ауылсовет жалын сөзі,  
Қалқыды қарлығаштай аспандағы.

— Кезінде көрсете алмай табандылық,  
Бүркеді бәрімізді қараңғылық.  
Жас Совет өкіметі балаларды  
Өсірмек заманға сай адам қылып!

Жас ұрпақ кетпесе егер жат қолында,  
Болады сонда бізге мақтануға!  
Мұғалім Қалиасқар Болатбеков,  
Үйретпек балаларды хат тануға.

Міне, өзі, қасымда тұр, көріңіздер,  
Мектепке балдырғанды беріңіздер.  
Кімде-кім көз ашуға құштар болса,  
Қысылмай сіздер де оған келіңіздер.

Күрескен ілесіндер ел көшіне,  
Тиеді сонда барып мол несібе.  
Мұғалім үлкен демей, кіші демей,  
Нұр құяр әр адамның зердесіне.

Тыңдандар, айтқандарын екі етпеңдер,  
Білгенің білмегенді жетектеңдер.

Білімнен мейірлене сусындаған,  
Кездескен сан қиынға төтеп берер!

Болса егер бұрынғы бай, бары-малы,  
Енді адам білімімен танылады.  
Әзірге бір киіз үй бөліп бердік,  
Ал мектеп күзге дейін салынады».

— Бұрын ғой, білімге ешкім шақырмады,  
Мұғалім не айтса да ақыл бәрі.  
Береміз баланы да, көмекті де! —  
Деп сөзін жиналған жұрт мақұлдады.

## VI

Көргенде қараша үйдің қандайын да,  
Білесің елдегі жұрт жағдайын да,  
Көз тартар сонадайдан мына бір үй,  
Жазу бар «Мектеп» деген маңдайында.

Бұл жазу лауазымдай болған оған,  
Мұндай сән ешбір үйге орнамаған.  
Қолында жетектеген баласы бар,  
Үй маңы қара құрым, толған адам.

Құмар-ақ жақсылыққа халық деген,  
Осы үйден жанға жылу, жарық көрген.  
Кешегі жиыннан соң балаларын  
Мектепке оқытпаққа алып келген.

Жымиып, жылы сөйлеп, күлім қағып,  
Мұғалім бәрін отыр, тізімге алып.  
Ұста қарт жұрт соңынан былай деді:  
— Қоймасын мектебіңнен қызым қалып!

— Жатқанда серпіп тастап тұманды біз,  
Ақсақал, бұны қайдан шығардыңыз,

Мынау ұл, мынау қыз деп бір-бірінен,  
Бөлмейміз бұдан былай бұларды біз.

— Аңғармай жақсылықты ісіндегі,  
Ал шалың баста мұны түсінбеді.  
Айыпқа бұйырмағын білмегенді,  
Айтайын жүрген сырды ішімдегі.

Жеңіспен жаңа өкімет келмегенде,  
Байлардың даңқы көкке өрлегенде,  
Бір молда оқытпаққа балаларды  
Өзіңдей осы отырған келген елге.

Жалтақтап қызымды ертіп апарғанда,  
Тап болдым мен бір топас, надан жанға.  
— Оқытып қыз бейбақты қайтесің сен,  
Оқытсаң оқыт, еркек балаң бар ма?

— Ақсақал, сөз төркінін танып тұрмын,  
Кім кеше оқытып қыз, жарытты ұлын.  
Балалар еркін өсіп, білім алып,  
Көреді Ұлы Октябрь — жарық Күнін!

Жасайтын бұйымдарды нелер онды,  
Деседі ел: — Кезінде асқан шебер болды.  
Балалар білім алып, оқу үшін,  
Бір өзі бүкіл мектеп, өнер болды.

Тілейтін барша жұртқа жақсылықты,  
Шырақ қып жаға білді жақсы үмітті.  
Бар үш-төрт сиясауыт, ағаш қалам,  
Жетпейді, көреміз-ау тапшылықты.

Дей алман сатып алсақ, бар қалада,  
Болғаны жақсы мұның әр балада.  
Қоңырау, сиясауыт, ағаш қалам,  
Сізден сый оқушыма арнала ма?

— Көрейін сырды өзіңе жай ұқтырып,  
Жасаймын қолдан келсе ойып тұрып.  
Қоңырау құйып берер мыс, қолам жоқ,  
Сөзімді тақпа өзіме айып қылып.

Айтайын бар шынымды күні бұрын,  
Қарағым, қарияның сырын ұғын.  
Балама сыйға тартқан жез қоңырау,  
Мойнында тағулы жүр құлынының.

Өрісін сөздің енді танып келем,  
Ойыңнан нұр, шұғыла, жарық көрем.  
Баламның қоңырауын қалай енді,  
Мойнынан құлынының алып берем?

— Сыңғырлап күміс күйді төгер еді,  
Мектепті қуанышқа бөлер еді.  
Шақырып балаларды сабағына,  
Бір белгі қоңырауың берер еді.

Қайтеміз айта беріп басқаны құр,  
Бұл мектеп жұрттың көзін ашқалы тұр.  
Балаңыз Сәрсенғали күні ертең-ақ  
Оқиды, — деп, ой түйіп тастады бір.

Ауылдың сөзге шебер майталманы,  
Еш жауап бұдан кейін айта алмады.  
Мектепке қоңырауды сыйға тартты.  
Меселін мұғалімнің қайтармады.

## VII

Ондаған жылдар өтті желіп келіп,  
Мектеп тұр сәнді ауылға беріп көрік.  
Мұғалім болды оқып Сәрсенғали,  
Қойған соң халқы өзіне ерік беріп.

Жаңаға әркім-дағы бас ұрады,  
Даңғыл жол құшақ жайып ашылады.  
Талай жыл сол қоңырау күмбір қағып,  
Мектепке шақырыпты жас ұланды.

Балалар сөмке асынып ағылады,  
Қласқа Ильич нұры жағылады.  
Бүгінде қағаз, қалам, сиясауыт —  
Бәрі де жеткілікті, табылады.

Қол жеткен биіктікке шығасың да,  
Жолыңа көз тастамай тұрасың ба?  
Белшеден кешіп өткен қиындықтың,  
Қадірін бертін келіп ұғасың да.

Кеудеңе қыр гүлі боп егіледі,  
Шуақты күн нұры боп себіледі.  
Мектепке шақыратын қоңырау үні  
Бүгін де тәтті әуендей көрінеді.

Жөңкіліп жел айдаса көшеді бұлт,  
Кетпейді ғайып болып кешегі ұмыт.  
Жаңарған оқу үйін мақтанышпен  
«Қалиасқар мектебі» деседі жұрт...

## ҚЫРАН ТАҒДЫРЫ

### I

Үрпек жүнді бала қыран,  
Ұясы алыс — шың басында,  
Жалын шашқан жанарынан  
Алтын кірпік күн қасында.

Сарғаюмен күн бататын,  
Туғаннан-ақ жалғыз еді.  
Көңіл бөліп, сырласатын,  
Серік болар жанды іздеді.

Жүрген досы тілеп іштең,  
Дәл қасынан табылғаны.  
Бала қыран қуанышпен  
Құшақ жая қабылдады.

Атқан шақта дала таңы,  
Таранды да қанаттарын.  
Қараторғай балапаны  
Берді жайлап сұрақтарын:

— Қалай халің, қарашығым?  
Айтар сөзің бар ма, қыран?  
— Мұзбалақтың баласымын  
Көк төсінде салар ұран.

— Бақыттысың, онда бар ғой,  
Бұл сөзіме, мейлі, күл сен.  
Шың басына қонбаған ғой,  
Ата-анам менің, білсең.

— Қосылмаймын бұл сөзіңе,  
Жағымпаздай жайдақтама.  
Тамақ тасып күнде өзіңе,  
Жүрген жайды ғайбаттама.

Ұзақ күнге көрмей тыным,  
Жемді үздіксіз тасиды олар.  
Сондықтан да сенде, құрбым,  
Бақыт деген басым болар.

Ата-анамды алам еске,  
Жаутаң-жаутаң саған қарап.  
Екі-ақ рет — таң мен кеште  
Береді олар маған тамақ.

...Ұшу керек. Талап қатты,  
Күткен алда ауыр сын бар.  
Бала қыран қанат қақты,  
Қатайды да қауырсындар.

Ер жеткенін баласының  
Көріп сол сәт қуанғаны.  
Айтты сонда ана сырын,  
Одан әрі шыдамады.

— Сөзге зейін сала тыңда,  
Үйретемін ұшуды мен.  
Отыр,— деді,— қанатыма,  
Көрсетейін күшімді мен.

Қыран құста жетер үлгі  
Орындамақ ойдағы ісін.  
Биік көкке көтерілді,  
Саңқ еткізіп зор дауысын.

Арқасында Бала қыран,  
Самғап ұшып қалықтады.  
Қатаңдық бар қабағында,  
Қатулылық танытқаны.

Балапанын арқадағы  
Төмен қарай домалатты.

Ұшуға аздап бар талабы,  
Жайлап қақты ол қанатты.

Бірден самғап кете алмай,  
Дір-дір етіп қанаттары.  
Анасына жете алмай,  
Қорқынышпен алақтады.

Сезді-дағы жасқанғанын,  
Оралды ана баласына.  
Самғап кетті аспанға әрі,  
Отырғызып қанатына.

Көтеріліп жоғары тік,  
Жұлдыз құсап ағылады.  
Төмен тағы домалатып,  
Қақпақылдай қағып алды.

— Ұшуға бел буғаннан соң,  
Қос қанатың талмау керек.  
Қыран болып туғаннан соң,  
Биікте тек самғау керек.

Төмен қарай лақтырды,  
Балапанын Ана Қыран.  
Бір шолды да қырат, қырды,  
Самғап ұшты Бала Қыран.

Қайсарлық бар, батылдық бар,  
От шашады қос жанары,  
Табиғатпен жақындық бар,  
Несін қорқып жасқанады?!

Бірде аспанға көтеріліп,  
Бірде төмен құлдырайды.  
Көз ұшында от өріліп,  
Бұйрат, белдер бұлдырайды.



Ісіне жоқ екiнiшi,  
Еркін ұшты көк төсінде.  
Торғайға айтқан өтiнiшi  
Осы бiр сәт түстi есiне.

«Бiлмеген соң сұраппын ғой»,  
Дедi iштей ол өзiне.  
«Ашық аспан ұнап тұр ғой,  
Самғамасам, сеземiн бе?»

Кең әлемдi шығам шолып,  
Сырын бүкпей ақтарады.  
Туғаным бұл қыран болып,  
Тамаша!» — деп шаттанады.

Бiрде аспанға көтерiлiп,  
Бiрде төмен құлдырайды.  
Көз ұшында от өрiлiп,  
Бұйрат белдер бұлдырайды.

## II

Қыран болып балақтанды,  
Қаймығуды жүрдi бiлмей.  
Сала құлаш қанаттары  
Киіз үйдiң түндiгiндей.

Өткiр найза — тұяқтары  
Дайын бүрiп қадалуға.  
Жiтi шолып қыраттарды,  
От ойнайды жанарында.

Төрт аяқты аң жерде жүрген,  
Сусып қашып сытылмады.  
Болат тұяқ шеңгелiнен,  
Көзге iлiксе құтылмады.

Күші мығым,  
Қанат қатты.  
Риза өзі қайратына  
Айқасуға жарап қапты,  
Жауын дайын жайратуға.

Сондай жауы қасқыр еді,  
Жердегі аңды дүрліктірген.  
Кездесер сәт жақсы келді,  
Күн де туды көптен күткен.

Көзі шалды шың басынан,  
Көк арланды жазықтағы.  
Жайбарақат тұрмас қыран,  
Қанат сілкіп, жазып та алды.

«Менің қыран екенімді,  
Айқасқанда арлан білер!»  
Көк төсіне көтерілді,  
Бойы қайрат, толған жігер.

Азулы арлан көз ұшында,  
Ноқаттай боп бұлдырады.  
Ерік бермей тез ұшуға,  
Төмен қарай құлдырады.

Зымырады оқтай болып,  
Азулы арлан — нысанасы.  
Көзі қызыл шоқтай жанып,  
Жақын қалды екі арасы.

Атқан оқтай зымырады.  
Екпінінен жел еседі.  
Ал, арланға бұрындары  
Қыран мәлім емес еді.

Қуыс та жоқ жерге кірер,  
Кетті лезде жан тынышы.

Талмай еңіс, өрде жүрер  
Болмайтын дем алқынысы.

Болат шеңгел қадалды да,  
Жерге арланды тұқыртқаны.  
Ағызды қос жанарын да,  
Тұмсығымен шұқып тағы.

Азулы арлан қаңқ еткені,  
Демі бітіп сұлағаны.  
Ерлік үні саңқ еткені,  
Қыран сол сәт шыдамады.

Иесіндей алып күштің,  
Кеңістікте ұшқан қыран.  
Қаһарлы айбын танытты шын,  
Табынды аңдар, құстар бұған.

Табынды оның қанатының,  
Найзағайдай жарқылына.  
«Қыранмын» деп салатын үн  
Дауысының саңқылына.

Сырлы дүние кеңістікте,  
Қыран еркін сезінетін.  
Басын тігіп ерлік іске,  
Анда-санда көз ілетін.

### III

Жастық шағы — жаз дәурені,  
Көз алдынан бір-бір ұшты.  
Дене ауырлап, салды әурені,  
Көреді тек бұлдыр түсті.

Жай тіршілік бастайтын-ды,  
Қалмаған соң басқа амалы.

Көктен төмен тастайтын-ды,  
Іліп алған тасбақаны.

Тасқа тиіп,  
Тас қабығы  
Быт-шыт болып бөлінетін,  
Қорек алып аш қарыны,  
Жүрек жалғау көрінетін.

Түңліктей зор қанаты да  
Еркіне енді көнбейтіндей.  
Жанары оттай жанатын да,  
Болушы еді сөнбейтіндей.

Тұяқтары жарқылдаған  
Болат семсер сияқты еді.  
Дауысымен саңқылдаған  
Оятатын қырат, белді.

Жетер мұрат, арманына,  
«Ерлік» деген ұранменен.  
Қарға болып қалғаны ма,  
Аты қайда Қыран деген!?

Дүниені еркін жайлап,  
Кең әлемде ұшқан дара.  
Құшағынан сиқырлы аймақ,  
Аулай ма енді тышқан ғана?

Мұндай күйден аулақ алып,  
Бойын дұрыс ұстаған да.  
Қаһар төгер жауға барып,  
Қандай қайрат, күш бар онда?

Кешегі ерлік,  
Заман өтті,

Қайратына таңдай қағар.  
Жей ме өлексе,  
Арам етті,  
Бар қандай жол,  
Қандай амал?

Жанарының жалыны өшкен,  
Алысты да көре алмайды.  
Қалды дүрмек, қалың көштен,  
Өз күшіне сене алмайды.

Ұнатпайтын құлшылықты,  
«Қыран» деген аты қайда?  
Қызған думан,  
Тіршілікті  
Отырып жай бақылай ма?

Көруге тек келмеген-ді,  
Қайнап жатқан бұл өмірге.  
Жан қысылып терлегені  
Салмақ түсіп жүрегіне.

Қыран бір кез желпінгені,  
Қағып-қағып қос қанатын.  
Алды тыныс,  
Еркін демді,  
Көзі ашылды жас толатын.

Ешбір шара,  
Қалмады амал,  
Болмай бұлай етпесіне.  
Қос қанатын талмай қағар,  
Көтерілді көк төсіне.

Шырқау көкке көтерілді,  
Шаңқ еткізді дауысын да,  
Қос жанардан от өрілді,  
Жаңғырық үн жарысуда.

Бұл үнді естіп селк еткені,  
Құзар шындар аймақтағы.  
Қыран көкті өрнектеді,  
Көрсетті де қайрат тағы.

Бірде аспанға көтеріліп,  
Бірде төмен құлдырады.  
Көз ұшында от өріліп,  
Бұйрат, белдер бұлдырады.

Бұлдырады ақырғы рет,  
Бар табиғат — көз алдында.  
Тоқтайтынын батыл жүрек,  
Қыран бастан сезе алды ма?..

Шырқау көктен құлдырады,  
Болғандайын бір әбестік.  
Қайғысына шың жылады,  
«Өле ме деп қыран өстіп?»

Қыран өлді...  
Аңыз қалды,  
Тағдырының дастанындай,  
Ақын жүрек жазып алды  
Ерлік жырдың бастауындай.



## МАЗМУНЫ

### *Бірінші бөлім*

Отан *	8
Кешкі күн	9
Кір қуыршак	—
Шолпылдаттым балықтай	10
Торғай *	—
Тақпақ *	11
Бұлақ	—
Қомағай қарға *	12
Сурет *	13
Көмектесем мамама	14
Мектепке өзім барамын	—
Асқаржан жарады	15
Өрік	—
Санамақ *	16
Инелік *	—
Батыр аға *	17
Қоңыраулы сағат *	—
Мен — октябрытпын	—
Жел диірмен *	18
Құнбағыс *	—
Төребек	19
Мангуста жыланға неге өш?	21
Көршілер	24

Кірпі, Көжек, Бөлтірік *	26
Тапқыр қоян (ертегі)	28
Есболаттың досы (ертегі)	31
Шүрегей үйрек (ертегі)	34
Әтеш пен тауыс (ертегі)	36
Айлакер бақалар * (ертегі)	42
Қос кептер *	45
<i>Екінші бөлім</i>	
Матросов — қыран ұл	50
Ауылым *	51
Інімнің талабы	—
Дала *	52
Палуан	—
Ата мен бота	53
Дельфин (аңыз)	56
Мұрагер	64
Адасқан пингвин (ертегі)	73
Сыйлық	75
Медеу	77
Тұлпардың тұяғы *	80
Ашылған сыр (поэма)	84
Батырдың анасы (поэма)	91
<i>Үшінші бөлім</i>	
Опасыз (аңыз)	106
Қоңырау	108
Қыран тағдыры (аңыз)	116



**Қашқынов Ж.**

**Қ 52** Қоңыраулы сағат: Өлеңдер, ертегілер, аңыздар, поэмалар.— Алматы: Жалын, 1989.— 128 бет.

Ақын Жеңіс Қашқынов — «Кешкі күн», «Ленин ата», «Ағаны жұрт мақтайды», «Тұлпар», «Ашылған сыр», «Достар», «Соқпақтар», «Батыр Қазыбек Нұржанов», тағы басқа да бірнеше жыр кітаптарының авторы.

Бұл кітаптарын мектеп оқушылары кезінде жылы қабылдаған болатын.

Ақынның өлеңдері мен тақпақтары, ертегі мен аңыздары, поэмалары бұрынғы жинақтарынан алынды. Сонымен бірге жаңа өлеңдері де ұсынылып отыр.

4803250202—177

**К**

408(05)89

118—90

**ББК 83.8**

**ISBN 5—610—00532—9**

\* Кітаптың мазмұнында ақынның жаңадан жазған өлеңдері жұлдызшамен белгіленді.

